

П И О Н Е Р



ЯНВАРЬ

1947 ЖЫЛ

№1

Республикалык газеттер баспасы



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің айына бір рет шығатын балалар журналы

№ 1

ЯНВАРЬ 1947 ЖЫЛ

Шығуына 5 жыл



Алматыдағы № 4 Балалар бұрынғы жол бабейлері. Жаста жылды өскідей қарғы алып.

А Я З А Т А

Ә. СУЛЕЙМЕНОВ

Ақ киімді, ақсақалды,
 Аяз ата келіп қалды.
 Көрініп тұр өңінен-ақ
 Атаның тым көңілі шағ.
 Балалар мээ, алақайлап
 Алдан шықты ататай-лап;
 — Төрге өтіңіз!
 — Қош келдіңіз!
 — Қайда болып, не көрдіңіз?
 — Е, бахытты балаларым,
 Талай жерді араладым!
 Бөтен елде, бөгде жерде
 Тен келерлік жок сендерге.
 Әкелем деп, сендерге арнап
 Жүрдім кезіп тарту тандап.
 Гүл, ағаштар көрдім қанша
 Таңдағаным болды арша.
 Көгереді жазы, қысы
 Өзгермейді өңі, түсі.
 Өселі тік, көкке бойлап,
 Жок ыстықтау яки тоңбақ.
 Мен сендерге ойлап қанша
 Тапқан төңеу болды арша.
 Жүріп талай тарту тандап,
 Алып келдім аршаны арнап.
 Балалар тым шаттанысты,
 Тарту алып мақтанысты.
 Аршаларын әшекейлеп
 Саялы неше әсем өрнек.
 Инесіне жібек тақты,
 Бұтағына жұлдыз жақты.
 Сол аршаның саясына
 Орын берді атасына.
 Басталды ойын, қызық серуен
 Төгілді жыр салған жерден:
 — Аяз ата, аяулы ата!
 Бәрімізге қалаулы ата!
 Жыл басында келіп ылғый
 Бізге қымбат береді сый.
 Атамызды ортаға алып,
 Аршамызды қоршап алып,
 Шаттық жырды жырлаймыз біз,
 Шаттық әнін шырқаймыз біз.
 Шаттық өмір берген бізге,
 Көп рахмет Сталинге!

Сембілік

А. КОНОНОВ

Кімде-кім 1920 жылы біздің темір жолдарымызбен жол жүрген болса, сол адам «паровоздар зиратын» көрген болар. Бұзылып қыйраған паровоздардың қалдықтары жатқан жер осылай аталған еді. Ол паровоздарды азамат соғысы кезінде снарядтар қыйратқан болатын. Қазір олар қалай болса, солай тегершіктерін жоғары қаратып тасталған жүйінде үлкен төбешік болып жатыр.

Ол қыйын кез болатын. Барлық жерде де соғыс зардабы байқалатын. Өзендерде қыйраған көпірлер, қалаларда өртенген үйлер, темір жолдарда бүлінген паровоздар жатушы еді.

Совет еліне өз шаруашылығын қайтадан құруға тура келді.

Ұлы іс басталды: Совет адамдары мереке күндері немесе жұмыстан бос уақыттарында өз еліне көмектесуді мәзден ақысыз жұмыс істеу үшін жыйналатын болды.

Бұл игілікті істі Қазан темір жолының жұмысшылары бастады. Олар өз еріктерімен, есінтимақтарымен «Паровоздар зиратын» ақтарып, одан паровоздың бүтін бөлшектерін тауып алатын еді. Поездарға көмір, ағаш тиейтін еді. Алғашқыда мұндай еркін жұмыстар аптаның соңғы күні—сембі күні істелетін. Сондықтан да совет адамдарының мұндай жұмысқа жыйналатын күні—сембілік деп аталды.

Қазан теміржолшыларының үлгісімен басқа жолдардың, заводтар мен фабрикалардың жұмысшылары да өздерінде сембілік өткізетін болды.

Ал, 1920 жылғы 1 май күні бүкілресейлік сембілік болып жарияланды. Бұл мереке күні барлық жерде де, Кремльден бастап алыстағы сибирьдегі жұмысшы поселкесіне дейін, жұрт жұмыс істеді. Жұрт жұмысқа, мерекеге бара жатқан сыяқты, музыка ойнатып келді.

Бұл күні ертеңгі сағат онда Кремльде зеңбірек қатарынан үш рет оқ атты. Кремльдің соғыс мектебінің жұмысшылары, қызметшілері мен оқушылары алаңға шықты.

Жұмысқа сап түзең баруға, жұрттың бәрі қатарға тұрып болған кезде Кремльдің коменданты:

— Сембілікке қатысу үшін Ленин жолдас беле жатыр, — деді.

Владимир Ильич тез жүріп алға қарай өтті.

Соғыс мектебінің комиссары Владимир Ильичке үлкен адам деп алдыңғы қатардың оң жағынан орын алыңыз деді. Ленин айқан орнына тез барып тұрды. Бұл кезде:

— Қатар түзеліңдер.

Бұдан кейін:

— Ойға, шагом марш! деген команда естілді.

Барлығы да аяқтарын музыка үнімен алып, әскерше басып, Кремль ішіндегі бөренелер, тастар, тақтайлар жатқан жерге қарай жүрді. Бұл жерде қыйраған арбалы жүктер шашылып жатыр. Жарылған снарядтар ойып кеткен шұңқырлар бар. Мұның барлығы октябрь революциясы кезінде ақгвардеецтерге қарсы соғыстап қалған болатын.

Мұның барлығын бір күннің ішінде тазалап, Кремль алаңын жөнге келтіру керек болды.


Ең әуелі бөренені алуға кірісті. Әрбір бөренені екі адам, егер ол үлкен болса, тіпті төрт адам тасуға тура келді. Ленин бір әскери адаммен бірге істеді. Ол Ленинге бөрененің жіңішке жеңіл жағын беріп, өзі жуан, ауыр жағын көтеруге тырысты. Владимир Ильич мұны сөзді де бөренені бұрын алатын болды.

Бұл кезде әскери адам:

— Мен жыйырма сегіз жастамын, ал сіз елудесіз, — деді. Ленин ауыр басып өзінің жыйығына салды да, әзілмен:

— Олай болса, мені үлкен десеңіз, сіз менімен қалжыңдаспаңыз.

Алаңнан бөрененің барлығын тасып болып, жұрт еменнің түбін—дидектерді тасуға кірісті. Оны таяқтың үстіне салып алты адам көтеріп тасыды. Бұл жеңіл жұмыс болмады, тіпті жұмысқа үйреніп ысылып қалған жұмысшыларымыз бәрінен де бұршақтап тер шықты. Енді Влади-





мир Ильичпен бірге үш оқушы, екі жұмысшы істеді.

Бір жұмысшы Ленинге қайта-қайта қарағы да ақырында:

— Владимир Ильич! Біз мұндағы жұмысты сізсіз де бітіре аламыз, сіздің мұнан да маңыздырақ жұмысыңыз бар ғой, — деді.

Владимир Ильич:

— Қазіргі нағыз маңызды жұмыс осы, — деп жауап берді.

Күнің шайдай ашықтығынан Ленин жолдастың жұмысты өздерімен қатар, бірге істеп жүргендігінен бүгінгі ауыр жұмыстың — шаттық мереке екенін барлығы да сезді.

Бәрі де Владимир Ильичтің алдында жұмыс істеуде өзін ерекше көрсеткісі келді. Қалжың сөздер, көңілді күлкі, ән де өстіліп жатты.

Барлығы да Лениннен кейін қалғысы келмеді.

Ленин өте жылдам жүруші еді. Тіпті ол жазбақшы кітабын немесе сөйлемекші сөзін бөлмесінде өрсілік-қарсылы жүрін ойлайтын.

Сембілікте бөренелерді де ол осындай жылдамдықпен тасыды.

Ақырында жұрт шаршап дем алып, шылым шегуге отырысты.

Владимир Ильич шылым шекпеді және дем алғысы да келмеген тәрізді. Ол біресе сағатқа, біресе қалған емен дінгектер мен үйіліп жатқан тастарға қарайды. Ақырында дем алып отырған жолдастардың қасына келіп отырды. Белгісіз біреу оған шылым ұсынды. Ленин оны шегуден бас тартты да, өзінің шылымды гимназияда оқып жүрген кезде шеге бастағанын, ал шылым шегуді жақында тастағанын, содан бері шылым шекпейтіндігін айтты. Барлығы да Владимир Ильичпен көбірек әңгімелескісі келіп еді, бірақ, ол қалтасынан сағатын алды. Оған бүгін Халық Комиссарлары Советіндегі мәслихатқа бару керек еді.


Демалыстан кейін жұрт үйілген тастар мен қоқырларды тасуға кірісті.

Ленин асығып, жұмысты тез істеуге тырысты. Легенмен сембілік бітуден бірнеше минут бұрын оған кетуге тура келді. Оны Халық комиссарлары күтін отыр еді.

Алаңда жұмыс аз қалған болатын. Оны тез бітірді де, жұрт әрі шаршап, әрі риза болып тарады. Олардың барлығы бүгін өте маңызды жұмыс атқарғандықтарын, — келесі сембілікке барлық жерде миллиондаған совет адамдары шығатынын түсінді.

Жұрт сембілікке сөзсіз шығады, өйткені оларға Ленин үлгі көрсетті.

Аударған **Ғ. ХАТЕЛОВ**.



ӘКЕ МЕН БАЛА

(Жалғасы, басы журналымыздың 1946 жылғы 6 санында).

Ә АЫШЕВ

Суреттерін жасаған К. БАРАНОВ.

II

Мұрат қонақтарын етпен де, ниетпен де сыйлап қоя берді.

Алдан жайындағы ойын Степанға қазір-ақ айтып қалмақшы болып бір отырды да:

— Қой, өз үйімде айтқаным ұят бөләр—деді ішінен. Ертең кеңсесіңде отырғанда барып айттайын. Жалғыз інім болса майданда өлді. Ендігі қалған жалғызымнан кеше айырылып қала жаздадым. Осыны өзіме қыйыңдар, өлсе—оқудың соңынан өлсін, дейін.

Алдан қонақтарын шығарып салып келгенде, әкесі Алданның төсегінде жантайып осындай ойда отыр еді. Оны Алдан көрген жоқ. Бұрынтағы жазу үстеліне отыра қалып, көк қалқанды лампаны жақты да, әлденені жаза бастады.

— Ботам-ау, дем алсаңшы. Бүйте берсең зорығасың ғой, — деп әкесі қасына келді де, — мұның не? — деді.

— Бұл күнделік.

— Күнделік? Ол немене?

— Ол, өзімнің азамат болғаннан бергі өмірбаяным.

— Азамат болғаннан бергі? Қане, көрсетші маған!

Алдан қалың көк дәптерді әкесінің алдына жайып еді. 1-беттің ең басында «Хош келдіңіз, жаңа дәуірдің жаңа жылы», онан төменірек жерде—«1946 жыл, 1-январь» деген жазулар тұр екен. Әкесі соларды оқып шықты да, одан төмен жазылған ұсақ жазуларды еркін оқып алмай:

— Оқышы, естін, — деді.

Алдан өз жазғанын өзі кісі алдында бұрын

оқып көрген емес еді, сондықтан өзінен өзі қысылып біраз тұрды да, ақырын оқып бастады.

— «1946-жыл, 1-январь. Бүгін мен Ленин—Сталин комсомолының мүшесі болдым. Мен бұған дейін жас ұландар ұйымы—пионер қатарында тәрбиелендім. Жыйылыста Төлеу, Саша, Жәниә, Вера, Меруерт бесеуі сөйледі. Бесеуі де мені жер-көкке сыйғызбай мақтады. Мен қатты ұялдым. Ұяла отырып, өлсем осылармен бірге елуге ішімнен серт еттім. Осы күннен бастап, мен эксковаторға машинист болдым. Бұрын көмекші болып үйренгенім жақсы болған екен. Өзімнен он есе биік машинаның үстіне шорып жүргізе бастағанымда, бүкіл Қарағанды аяғымның астында тұрғандай масағтаңдым. Кешінде анам менің он алты жасқа толғанымды тойлады. Бұл тойға мен өзімнің жолдастарымды шақырдым. Жолдастарым маған әр түрлі сый әкеліп тартты. Вера маған Фадеевтің «Жас гвардия» атты романын әкеліп сыйлады. Мағаным әкеліп сыйлаған сағаттан гөрі маған осы кітап құнды көрінді.

Ойын-сауық ұзаққа созылды. Той тарқағаннан кейін мен «Жас гвардияны» оқып жатып, үлкен ойға кеттім. Роман әлі оқылып біткен жоқ....»

«1946 — жыл, 2-январь.

Түнде кеш жатсам да, бүгін ерте тұрдым. Неліктен екенін білмеймін, денем кешегіден көсек, бойым кешегіден биік сыяқты. Мүмкін ол түндегі тойшылардың «азамат» деген сөзді құлағымға көбірек күйгандығына болар. Жұмыс уақытына дейін біраз оқып тастайын деп, романды қолыма алып диванға жантайып ем, түнде көрген түсім есіме түсті де, тоқтап қалдым.

Түсімде мен Дон бойында, сол жас гвардияшылармен бірге жүр-өксемін. Мүмкін романдан алған әсерімнен болар. Түсімде мынандай тамаша өмірді көрдім.

— Токта! Түсті түнде айтпас болар, ертең айтарсың. Жаз мына ашық жерге!—деп әкесі жаңа басталған әңгімені айттырмастан үзіп жіберді.

— Нені жазамын?

Алданның гүлдей жайнап тұрған жүзі әкесінің мына сөзін естігенде сұрланып кетті.

— Әкем Мұраттың әмірі бойынша, — деді Мұрат шығыздай сөйлеп, 1946-жылы, январь айының 3-нен бастап жұмысты тастадым, деп жаз.

— Неге?

— Неге өкесің көрін тұрған жоқсың ба? Әкең келді. Енді оқуыңды оқы.

— Қайдағы оқу?


— Өзіңнің оқып жүрген оқуың ше?

— Оны оқып жүрмін ғой.

— Бүгін қашан оқыдың? Адасың-адасың жаңа келген жоқсың ба?

— Бір күн қалғаным ештеңе етпес.

— Жоқ, шырағым, оқудан бір күн қалсаң, бір саты кейін қалғаның. Оныда мен тірлікте көне алмаймын. Ертеңнен бастап жұмысқа бармайсың. Сөзді қой да жаз!



Бұл сөз Алданға өз үкімің өзіне жаздырғаннан кемтіген жоқ. Қарындашы қолынан түсіп кетіп еді, оны да қайтып алған жоқ. Әкесіне қатала қараған күйі үнсіз отырып қалды. Ол қатал мінезді әкесінің өз айтқанынан қайтпайтынын сезіп, не істерін білмей отыр. Әке тілін алайын десе, бүгін өзіне таудай даңқ әперген еңбек майданын қыймайды. Жұрттың бәрі бүгін оны «батыр бала» атап, енді оны қалай тастап кетпек. Әкенің бұлай қатал өмір етуі оқудан бүгін қалғаны үшін бе? Жоқ, әлде ол соғыс бітті, енді әркім өз қарабасының пайдасын, өз келешегін ғана ойлау керек дейме екен? Жоқ, ондай шалақ ойдың Мұрат емес. Отанның келешегін ойламайынша, өзінде келешек жоғын ол жақсы біледі. Өйткені, ол кешегі сұраныл соғысты көзімен көрді, сол соғыстан ел қайғысы оның есінен әлі кеткен жоқ. Сол соғыстан талқандалған дүниені ол көзінің алдынан әлі кетірген жоқ. Сол соғыс салған ел жарасы жазылып, жыртылған жері жамалғанша ол өзін де, Алданды да, Жәмені де тынып жатқызбақшы еместі. Жәмені соғыс кезінде шинель мен гимнастерканы қандай көп тіксе, енді олармен бірге пальто, костюмдарды да сондай көп тігу керек. Алдан соғыс кезінде қандай жақсы оқыса, енді оған да жақсы оқу керек. Ал, өзі майданда қандай ерлік көрсетсе, енді еңбекте де сондай ерлік көрсетуі керек. Әкесінде осындай үлкен

ой барын Алдан да сезетін. Өйткені, әкесі бұл жайында госпитальда жатып жазған хаттарында:

— Аяқ та жазылар, бір машинаның басына мен де барармын, — дейтін. Алдан осыларды ойлап отыр. Ол әкесінің:

— Жазасың ба, жоқ па? — дегеніне де үя қатқан жоқ. Осыған ертең шахтаға қарай аяғыңды басып көр, — деп әкесі ызбарланған сайын ол түнере түсті.

Түс айтылған жоқ. Күнделік жазылған жоқ. Әзірше әке баласын, бала әкесін көңіре алған жоқ.

Алдан дәптерін алды да, төсегіне барып құлай кетті.

III

Мұрат ойна саза үйдің ішіне көз жүгіртіп еді, қырауының қалыңдығы бір әлі әйнектің жігінен шамырай түскен күн сәулесі төр алдына жақындап қалған екен.

Үйдің іші жым-жырт. Тек пеш үстіндегі үлкен жез шәугімнің ызылдағаны ғана естіледі.

Алдансон қабырғалағы көбе сағат өңірді соқты жаңа ғана бұрқ-сарқ етін қақпағын селкілдеті бастаған жез шәугімнің үніне үн қосты.

Жәмен жұмысқа кетерде Мұрат жатқан үйдің пеніне көмірді сықай салып, қақпағын бекіткен еді де, су толтырылған жез шәугімді пеннің үстіне қойып қеткен еді. Бірақ, жез шәугімнің бұл үйге келіп бұрқылдауынан Жәменнің жұмысқа кеткенін ұқса да, ұғалмаған таты бір жайы бар Мұраттың.

— Бұл қалай? Әлде менің түндегі айтқанымды тыңдамай, Алдан жұмысқа кетіп қалды ма екен? Ол үйде болса, шайды бұл үйге қайнатпас еді ғой.

Осы ой оның ұйқысын шайдай ашып жіберді. Қайнап тұрған шәугімді пеннен алуы да ойлаған жоқ, тез киіне салып Алдан жататын төрт бөлмеге балдарымен екі-ақ аттан жетті де, есік көзінде тұрып қалды.

Ол баласының тіл алмай кеткеніне қорлана ызаланып тұр. Сондықтан оған бұл бөлмедегі пәрселер де күле қарап тұрғандай сезілді.

Бұл үйдің терезесінің қырауы біраз ерігендіктен күн сәулесі Алданның кроватының үстіне молырақ түсіп тұр екен. Бұл кроваттың үстіне ақ кіреуке жабылып, тұсына қызыл жібек кілем құрылған болатын. Кілемнен жоғарырақ жерде Алданның күлімеірей түскен үлкен суреті тұр. Ақ кіреукеге түскен күн сәулесі, ол сәуледен кілемге шапыраған шапақ бұл бөлмені гүл-гүл жайнатып жіберіпті. Бірақ, Мұратқа осы әлемі көріністердің бәрі Алданмен бірге сыбақтан тұрғандай сезілді де:

— Тұра тұр, көргенсізін, сен мен жок болған сен бетімен кеткен екенсің. Әке тілін алмайтын сендей балаңы үйретермін мен. Мен, сен түгілі, немістер мен самурайларды да үйреткенмін, — деді Алданның суретіне қадала қарап.

Ол ішінен осыны айтты да, асығыс киіне бастады. Майданда жүрген кезінде болмаса, жайшылықта мұндай ызаланбаған болар. Сол ызаман пені үстіндегі жез шәугімді жерге тастап жіберді. Бірақ, ол, үйден қанша ашулы шыққанымен, табиғаттың дәл қазіргі сұлу көрінісіне көз тоқтатпай кете алмады.

Көзінде мұнар жоқ, жерінде көлеңке жоқ, ақ мамықты айқара жамылған кең дала керіле түскендей, көк аспан кеудесін көтере түскендей, дала мен қаланың бірдей күліп тұрған кезі еді.

Кешегі бораңда кеткен есесін күн өткізбей, түн түнетпей қайтарғымен келген қала хаалқы тасыған теңіз сыяқты, судай сапырылып, тудай жайнайды. Қыяқу салып ерейді-қарсылы жүрген автобустар мен паровоздар да тыным



жок. Қала мен даланың жүрегі біреу-ақ, сол жүрек қазір әлді соғып тұрған сыяқты.

Алыста, көк жиектен көтерілген ақша бұлттай өзінің туган жері Байқаулет, оның қатарында шөккен нардай Сораң таулары көрінеді. Мұрат қала тіршілігінің қызығына қалмаған көзін енді сол алыста тұрған тауларға жібере беріп еді, пар атты шапаның үстінде кетіп бара жатқан Степанды көріп қалды.

— Әй достым, сен кішкене тоқтай тұршы осы!

Степан атшыға аттың басын тартқызып, өзіне қарай келе жатқан Мұратқа көз тастап еді, оның өңі тым суық екен. Осы суық түстен-ақ Степан оның ішкі ойын танып кетті де, жылы шыраймен қарсы алы.

— Мені шахтаға жеткізін таста, — деді Мұрат амантасқанын кейін.

Степан оның шахтаға не үшін баратынын сөзге де, іштеңе деген жоқ.

— Мақұл, отыра қойыңыз, — деді күлімсіреп.

Шаңадағы қос күрең жол бойы кездескен күртік қарды кесіп өтіп, зәулім үйлердің арасымен оңтүстікке қарай тартып келеді. Мұраттың екі көзі жар жарыныпты үйлерде. Ол майданға кеткенде осы маңда оншақты үйдің іргесі ғана қаланып жатқан болатын. Қазір сол он шақты үй етек-жеңін кең жайып, үлкен қалаға айналды. Осыларға таңдана қарап, таңдайын қаға түсіп келе жатыр еді.

— Біздің шахтаны бұрын көріп пе едіңіз? — деді Степан.

— Жоқ.

— Әне, көрмесеңіз.

Бұл кезде бұлар қаланың шетіне шыққан еді. Мұраттың көзі қарсы алдындағы жазық далада тұрған қарлы тауларға түсті.

— Бұл не ғажап? Мына таулар қайдан келген?

Оның бұлай таңдануының жөні бар. Біріншіден, ол майданға кеткен кезде бұл жер мыйдай дала болатын. Тек осы даланың көмірі мол екен, шахта ашылатын болыпты деген хабарды естігені болмаса, ашылған шахтаны көрген жоқты. Екіншіден, бұрын талай шахтаны көрсө де, дәл мынадай тауға айналып кеткен шахтаны көрген де емес, естіген де емес. Сондықтан ол стакатты, стакатта жүрген жұмысшыларды, олардың қызыл вагонда төгіп жатқан көмірін көргенде, мұның шахта екеніне сенген жоқ.

Степан оны шахтаға ел баратын жолмен апармай, батысқа қарай созылып жатқан ақ тұмсықтап айналдырып әкетті. Бұл ақ тұмсықтың аржағында осындай тағы бір сала бар екен. Сол екі саланың арасымен, омбы қарлы өспелей өрлеп барып, екі саланың түйіскен қайқаң жеріне жақындай бере шананы тоқтатты да:

— Ғауу етесіз, мұның жолы осындай қиын. Көмір шытып жатқан жолмен сіз жауу жете алмайсыз. Онан да осы жолсыз жермен барайық, — деп Мұратты сүйемелдеп шанадан түсіре бастады.

Тұрған жерлері жап-жазық. Жазық жермен жүріп келіп, жазық жерге тоқтады. Бірақ екі жағында екі тау тұр. Алдыңғы жағы қайқаң, қайқаннан әрі алыста мұнан да биік жақпар-жақпар таулар тұр. Бұл не ғажап?

Өмірінде ашық шахтаны көрмеген Мұрат бұл сұраудың жауабын қанша ойланса да таба алған жоқ.

Манадан бергі көргендерінің бәрі де ештеңе емес екен. Ең тамашаны Мұрат қайқаңға шыққан соң көрді. Жүріп келіп тоқтаған жері тақтайдай жазық еді, енді аяғының асты терең құзға айналып кетті.

— Міне ғажап? — деді ол құздың түбіндегі еңбек думанына көз жіберіп.

Айналасы ақ адыр таулармен қоршалған терең құздың іші дауыл күнгі теңіздей сапырылысқан адам, бірнеше шақырым жерге екі қатар созылған темір жол. Сол темір жолдың үстінде тырнадай тізіліп ерсілі-қарсылы зымырап жүрген вагонеткаларды, сол вагонеткалармен тасып жатқан көмір тасқыны, күйініп келген Мұраттың көңілін судай тасытып жіберді. Бұлардың тұрған жері дәл көмір алып жатқан забойдың желкесіндегі жақпар тастай биік жардың үсті болатын. Сол жардың түбінде осы құздың ішіндегі барлық адаммен барлық техниканы



бір өзіне бағындырып 393-санды бір алып машина тұр. Алақанына жүз отыз пұт көмір жайма жай сытып бір көремет. Құздың ішін тасыған көмір арнасына айналдырып тұрған бір ғана соның күші өкенин көргеннен кейін Мұраттың есі шығып кетті. Бірақ сол көреметті көрсетіп тұрған өзінің Алданы екенін әлі сезген жоқ.

Алып машина айтылдана қыймылдап тұр. Ол еңкейген сайын жүз отыз пұт көмірді бір-ақ салып, вагонеткаларды бірінен соң біріні жөвелтін жатыр.

— Достым-ау, мынауың таудың да талқанын шығаратын ғой.

— Қалай, ұнан тұр ма сізге?

— Бұл ұнамаса, маған түк те ұнамас.

— Унатпағандықтан келіп тұрған жоқсыз ба?

— Қалайша?

— Сол алыпты алақанында ойнатып отырған кім екен, анықтай қараңызшы.

Мұрат әлі сезген жоқ. Сөзбеседе жүрегінен әлденендей бір қуаныштың оты жарқ етті де, көзі барын машинаның кеудесінде отырған Алданға байлап қалды.

Машина бір ұлкен төбелей, оның үстінде отырған Алданы төбенің басында қонақтап отырған түйегідай боп көрінді. Енді ол осында не үшін келгенін де білген жоқ. Баласын барып құшақтай алғысы келді ме қалай, қарсы алдында биік жарға қарамастан ақырын жылжып беріп еді. Степан ұстай алды.

— Тоқтаңыз, алдыңыз жәр.

Бұларды Алдан көріп отыр екен. Әкесінің бері ұмтылып, оны Степанның ұстай алғанын ол басқаға жорыды да:

— Көке, сізге не болды? — деп айғай салды.

— Айналайын Алдашым, айналдым сенен!

Алдан бұл сөзді әкесінен дәл қазір күтпеген еді. Қуанғаннан қойнындағы бір газетті жерде тұрған Вераға лақтырып жіберді.

Жалғыз Алдан ғана емес, оның маңында тұрған жолдастары да, Мұраттың келісі Алданды өкететін келіс деп тұр екен. Мұраттың әлгі сөзін естігеннен кейін.

— Той жасаңыз, той! — деп шулап қоя берді.


Вера жаңағы Алдан лақтырып тастаған газетті алып, қыядан-қыяға өрлеп келеді. Оның не газет екенін сөзсе де, Степан Мұратқа ештеңе деген жоқ. Мұраттың әкі көзі бір көтергенде жүз отыз пұт көмірді көтеріп тұрған Алданың да. Бұрын елу бір пұт жүкті көтерген Балуан

шолалты еш қазақтың баласын теңгермеуші еді, енді өз баласына теңгеретін қазақты бүкіл Қарағандыдан таба алмай тұр. Степан Вера алып келген облыстық газеттің 1-бетіндегі Алданның суретін Мұраттың алдына тоса бере:

— Сізбен бірге майданда болған мына батырды таныйсыз ба? — деді күліп.

Мұрат газеттегі суретке қарап ұзақ тұрып қалды. Алдан соң Степанға бір, аязбенақша жүзі қызы шырайлағанын күле қарап тұрған Вераға бір қарады да:

— Мен жеңілдім, бала жеңді. Соғыстан мең бәрін көрдім, бәрін білдім деуші едім, оным хатте екен. Алданыма берген төршелерін үшін мың мәртебе алғыс сіздерге. Осы бастан жазып қойыңыз, аяқ жазылысымен бұл жорыққа мен де аттанам. Мен енді өз баламмен жарысам. Алдан жолдастарыңды ерте кел, жаным. Өй айналайын, сенің мұндай екеніңді білмедім ғой мен, — деді кетіп бара жатып.



АЛА—ТАУ

Төбеңде мәңгі жатқан мұздарың бар,
Көз тартып өркештенген кұздарың бар,
Етекте еркін өскен көкті бойлап,
Тал, терек, қайың, орман, қарағайлар.

Моншақтап жазда жауған жауыны бар,
Үзілген алмасы, қауыны бар.
Осындай жер шұрайын мекен еткен
Колхоздың социалистік ауылы бар.

Етекте ең жайлаған колхоз аулы,
Жайқалған жазды күні бакша-бауы,
Егін сап, мал өсіріп, өркендеген.
Қоныс қып мекендеген Ала-тауды.

Кілемдей түрге енген осы жерде
Лагерьдің туын тігіп пионер де,
Шаттықтың әнін шырқап дем алады,
Оқуы біткеннен соң көппен бірге.

Абахан НАУРЫЗҒАЛИЕВ

Қос Тулпар

Ә. НҰРШАНХОВ

...Невель қаласының түбінде ұрыс қыза түсті. Капитан Маты Хусайповтың батареясы жаудың шабуылын дүркін-дүркін тойтарып тастап, оны қалаға кіргізбеу үшін арттан тағы да бір зеңбірек шақыртты. Бірақ шақыртқан зеңбіректі жау көріп қалып, оны Матының қолына тигізбеу үшін минометтен оқ жаудырды. Зеңбіректің алдына жегілетін қос ақбоз ат қана сау қалды. Ауыр зеңбіректі екі аттың тартуы мүмкін емес еді. Сонда ат айдаушы қызыләскер Асмағамбетовтың Шығыс пен Бұлбұл деген қос ақбоз атына айтқаны:

— Айналайын жануар,
«Шығыс» деп қойдым атыңды,
Таныдым асыл затыңды.
Етпедің қызмет демеймін,
Еңбегің барды татымды.
Ай жануар, жануар,
Талай қыйын кезеңнен,
Зеңбіректі сүйредің.
Найзаменен мендағы
Талай жауды түйредім.
Қан майданның ішінде
Қажымай орғып биледің.
Талай зұлым немісті
Тұяғынмен иледің.
Анау шығыс елінен,
Қазақтың байтақ жерінен,
Былырғы жылы өзіммен
Бірге келген серігім.
Сен барда менің көңілім жай,
Жауға алдырмас берігім.
Көзің сулу жануар,
Жаудыраған елігім.
Аспанға ұшсам — қанатым,
Жерде жүрсем көлігім,
Андап келед алда жау,
Айналайын Шығыс-ау,
Жеткізбесек зеңбірек,
Екеуімізге болар мін.
Шыйратылған жібектей,
Жалыңнан сенің айналдым.
Құлаш жетпес күшпектей
Саныңнан сенің айналдым.
Саныңдағы білектей
Сіңіріңнен айналдым.
Шапқанда жер қозғалар
Дүбіріңнен айналдым.
Адамдай есті жануар,

Алдында Маты аға бар,
Жеткізбесек зеңбірек,
Ерлердің күні не болар?
Бұлбұл, Шығыс—қанатым,
Қажысаң да сыр бермес,
Мықты еді ғой сауырың.
Алты атпен тартатын
Жүз он бес пұт зеңбірек, —
Түсінемін жануар,
Екеуіңе ауырың.
Жауған оқты қақ жарып,
Зеңбіректі жеткізіп,
Қыяға барып қойбасам,
Сұңқар деп мені кім айтар.
Невельге қашпап төнді жау,
Тұрғанда қолқаң аман-сау,
Зеңбіректі тартпасаң,
Ерге серік болатын
Тұлпар деп сені кім айтар.
Дейдідағы қаһармен
Атына қамшы басады.
Бұлбұл менен Шығыстың
Күші селдей тасады.
Екі тұлпар сол кезде
Керемет бір іс жасады.
Еріндері жыбырлап,
Құлақтары жымыйды.
Аяқтары бүгіліп,
Секіргенде аспанға—
Дүлділге күші теңелді.
Теңелген емей немене
Алты ат сүйреп тартатын
Екі тонна салмағы,
Матыдайын батырдың
Көк берен болат қаруың
Жұлқып тарта жөнелді...



Қалың оқты қақ жарып, қос тұлпар зеңбіректі алдыңғы позицияға жеткізді. Маты батыр немістерді ілгері бір қадам бастырмады, сол жерде тал қандап, басына қорғасыннан жасыл түсірді.



(Жалғасы. Басы журналымыздың 4-5 сандарында)

Михаил ПРИШВИН

Суреттерін жасаған В. ЛЕБЕДЕВ

III

Өзімізді де талай-талай адастырған Тентек саздың төңірегі, басқа үлкен саздардай, аяқ алып жүргісіз, сылқылдақ көк тал, қара мойыл, қалың бұта еді.

Тентек сазға ең алғашқы келген адам қолына балта ала кеп, өзінен кейінгі адамдар өту үшін тоғай ішінен батпаққа өтетін жол салынты. Адам жүрген жер ұзын шұқанақ, жалғызаяқ соқпақ бойты. Сол соқпақтың бойын қуалап, су ағады екен.

Екі бала осы батпақты жерге таң қараңғылығында келіп жетіп, бәлендей қыйыншылық көрмей өтіп кетті. Көз алдындағыны көлестейлеп көрсетпейтін тоғай артта қалған соң, сілемдеп келе жатқан таң сәулесімен ажарланып, теңіздей жаптырап жалпақ батпақ көрінді. Расында да, Тентек саздың орнында ерте заманда теңіз болыпты, содан суы тартылып, теңіздің түбі ғана қалған.

Кәдімгі теңіздің ішінде — аралдар, шөлді жерде — саялар болмай ма? Тап сол сыяқты, батпақты жерде төбешіктер болады. Біздің Тентек саздың төбелері ылғый жалпақ үйілген құм. Оның үстінде мәуелеп өскен қалың қарағай. Сол себептен бұл жердегі төбелердің бәрін қарағайлы деп атайды. Екі бала батпақты басып біраз жүріп, сол қарағайлы төбешіктердің бергі шеткісіне шықты. Бұл төбешікті жергілікті жұрт Жалтөбе деп атайтын. Жалтөбенің жалаңаш жонына шығып қарап еді, атып келе жатқан таның көк сілемі ішінде Жанғырық төбе кезге ілінер-ілінбес боп, көріне бастады.

Жанғырық төбеге жетпей-ақ, дәл жолдың жиегінде шоқталған қан-қызыл жидектер көзге түсті. Жидек тере шыққан балалар, жерік асындай, көрінгенін жулып алып ауызға салып келеді. Жүзді күнгі жидектің дәмін өмірі татып көрмеген адам, шу дегеннен ажартып жидекті аузына салып қалса, ашырқанын, көзінен жасы бықыр еді. Бірақ деревнянің қос жетімі күзгі жидектің сырын білуші еді. Сондықтан да жаңағы жазытұрғы жидекті жегенде:

— Шіркіннің тәттісі-ай! — десті.

Жанғырық төбе екі балаға қушағын жайғандай кең жол беріп тұр. Ағашын қыйғаннан бері жолдың үстің апрель ішінде де шөп басып кеткен. Өткен жылдың осы күнгірт тартқан көгі ішінде, қылтыйған жаңа ақ бәйпешек, бөрі-шілік көз тундырады. Бөрі-шіліктің гүлдері күлдей ұсақ, иісі жұпардай аңқыды.

Митраша тұрып:

— Иісі жақсы болады. Бөрі-шіліктің гүлін үзіп ап, иіскеп көрші! — деді.

Настя шіліктің бір тал бутағын майыстырып еді, сындыра алмады. Митрашаға қарап:

— Мұны бөрі-шілік деп неге айтады? — деп сұрады.

— Бөрілер осы шіліктен өзіне көрзенке тоқыйды дейтін әкем, — деп жауап қайырды Митраша күліп.

— Немене, мұнда әлі қасқырлар бар ма?

— Болмағанда ше! Әкем айтқаны қайда еді, осы жерде бір көкжал қасқыр бар деп.

— Я, есімде бар: соғыстың алдында біздің өрісте жүрген малға қасқыр шауып, қырып кетіп еді. Сол осы екен ғой.

— Оның өзі Құрғақ сайдағы құлаған жардың қуысын мекендейді — дейтін әкем.

— Екеуімізге ол тимес пе екен?

— Тиісің көрсін, бәлем! — деді қалпағының қатырғысы қақ айрылған аңшы бала.

Екеуі осыны айтып болғанша, таң қылаңдап атып қалды.

Жанғырық төбені құстардың салған әні, аңдардың ұлығаны, мыранғаны жаңғырығып, үлкен дуга айналдырды. Бұл қыйқудың бәрі бірдей бұл төбеде еместі. Сонау менреу батпақтағы дыбыстар да, жаңғырығып осы жерге кең, шоқтай іріліп естілетін еді. Жанғырық төбе қарағайлы қалың тоғайдың сыңғырлаған дыбысын қағып алып, жартстай жанғыра кетеді.

Ұшқан құс, жүтірген аң—бөрі жыйылып, бөріне де ортақ, бөріне бірдей аяулы, бәрін бірдей ынтықтырған бір сөзді айтқылары келіп, бишаралар жатып қыйналуда! Олардың қыйналғанын Настя мен Митрашалар сыяқты мсмақан бала-



да түсінеді. Аңдардың барлығы қосылып, бір алулы сөз айтқысы келеді.

Көрдің бе әні: әне бір құстың бұтаққа қонып сайрауын. Тіпті безілдеп ыңқырғанда, қанатының әрбір қауырсыны дірілдейді. Бірақ, не керек қанша бұлқынып қыйналғанмен, біз нұсап күс сөйлей алмайды. Сондықтан өз әлінше дыбыстайды, қырылдайды, тамылжытып сайрайды.

— Қыт-қыт! — деп, естілер-естілмес қаранғы орманның ішіне бір үлкен құр қытқылдап тұр.

— Уарқ-уарқ! — деп көк ала үйрек өзен үстінен сымпың етіп ұшып өтті.

— Қырк-қырк! — деп, қоңыр үйрек суды сызып, өзенде отыр.

— Суу-суу-суу!... деп қызыл шымшық ақ қайыңның бұтағында отыр.

Жас қозыдай ойнақ сап, көкте жүйткіп жүрген, қандауырдай сүйір тұмсық, кішкене көкше күс-тау күдірет еді.

«Шүкір-шүкір!» дегендей шіңкілдеп балшықшы жүр. Енді бір жақтан дала тауығы-ақ кекілік мыстан кемпір сыяқты сақ-сақ күледі.

Біз аңшылықпен көзін ашқан жандармыз ғой, баяғы бала күнімізден бері бұлардың бәрінің де айтайын деп қыйналып, айта алмайтыны қай сөз екенін білеміз. Сондықтан да таң сөзден тоғайға келіп, олардың даусын естігенде, көзіміз адам сыяқты қастерлеп:

— Амансыздар ма? — дейміз.

Сол кезде олар да мээ болады. Олар да адам аузынан атып шыққан бұл бір, таң-ғажайып сөзді қыйқулап, іліп ала жәнелгендей боп кетеді.

Олар бар шамасымен дауыстап: Қырк-қырк, құрк-құрк бық-бық, қыт-қытын айтып:

— Амансыздар ма, амансыздар ма, амансыздар ма? — деп жауап бергендей.

Осы дыбыстардың ішінен бәрінен бөлек, бәрінен өзгеше боп, бір дауыс үстем шығады.

— Мынаны естимісің? — деді Митраша.

— Естімегенде ше! Бағанадан естіп те келем, қорқып та келем, — деді Настя.

— Үрейленетін дәнеме жоқ. Әкем талай айтып, талай көрсеткен де болатын маған: жазғытұрым қоян өстіп бақырады.

— Неге өйтеді?

— Әкем айтқан еді: қоянның еркегі ұрғашысына: «Аманбысың?» — деп айғай салады.

— Ал ана «Һәуп-Һәуп», деп тұрған не?

— Әкем айтып еді: әуілдек дейтін күс.

— Әуілдегені несі?

— Әкем айтушы еді: оның да өз жұбайы бар. Бясқалар тәрізді, ола өзінше жұбайына: «Аманбысың?» — дейді.

Кенеттен жер құлпырып жадырап кетті. Айнала жаңбыр суына шомылғандай жайнады. Қабығына қан жүгіріп, ағаштардың денесін тіршілік буы билеп, хош иісі аңқыды. Тап осы кезде барлық дыбыстың басынан асып, шырқап бір өзгеше қуанған, шаттанған дауыс шықты. Егер барлық адам баласы қуанғаннан жүрегі жарылып, сазын келтіріп, тұтас бір әсем, зор дауыспен:



— Жеміс, жеміс! — деп күңіренсе бұл дауыстың шаттығы мен шырқауы, айдыны мен молдығы соған тағана ұқсар еді.

Бұған қуанған Настя:

— Бұл не? — деп сұрады.

— Әкем айтқан еді: Бұл тырна шығар күнді осылай қошаметтеп, алақайлап қарсы алады. Демек, қазір күн шығады екен.

Тәтті жидек іздеп шыққан екі бала үлкен батпақтың жайқынына жеткен еді. Бірақ, күн әлі шыққан жоқ. Бұл ойнақда күнді алақайлап қарсы алудың салтанатты сауығын әлі бастамапты да. Қыйсық-қыйсық тырбыйып шыққан кішкене шыршалар мен қайыңдардың еңсесін түн түнлігі әлі басып тұр. Жаңғырық төбедегі мол тіршілік, — қыйқулы, дырдулы, ғажайып дыбыстардың бәрі, — осы қаранғылыққа келіп көмілендей. Бұл өңірде жалғыз-ақ бір ауыр күйінші, аңы, зарлы, ұлыған дауыс естіледі.

Настяның бойына суық самал жүгіріп, тітіркеніп кетті. Ол кірпідей жыйырылып:

— Митраша, бұл немене алыста, дауысы жаман, ұлып тұрған? — деді.

— Әкем айтпаушы ма еді: ол Құрғақ сайда улып жатқан қасқырлар ғой. Осы улып тұрған, дәуде болса, Көкжалдың өзі болар. «Құрғақ сайдағы қасқырдың бәрін құрттық. Бірақ, Көкжалды соғып алу мүмкін емес». — дейтін әкем.

— Ендеше ол үрейімізді алып, неге ұлып тұр?

— Әкем айтқан, жазғытұрым қасқырлар жейтін тамағы болмай, қарны ашқан соң ұлыды. Оның үстіне Көкжал үйірінен жалғыз қалды, өне улып тұрған: сол.

Батпақты жердің дым-сызы екі баланы егінен өтіп, сүйегіне жетсе керек. Мұздаған денелер қалтырап кетті. Суықтан шағылып қалған аяқтары бұдан төмен, жылым батпақ-сызға қарай басқылары келмеді.

— Қайда бара жатырмыз осы? — деді Настя.

Митраша құбыланамасына қарап, солтүстіктің қайда екенін біліп алды. Бір көмескі жалғыз аяқ жол солтүстікке кетеді екен, соған нұсқап:

— Біз осы жалғыз аяқ жолмен терістікке тартамыз, — деді.

— Жоқ, біз мына сайрап жатқан соқпақпен жұрттың бәрі кетіп жатқан жаққа барайық. Қара жылым—қатерлі жер. Талай өмірдің үнін өшіріп, тірідей қанын ұрттаған; мал мен жанның талайын бітеудей жұтып, қылғын салып, быртылып жатқан жер жайыны осы болады», — деп әкем талай қақсап еді ғой, есіңде ме? Митраша жан, жоқ, жоқ, мен десем, бұл жаққа барушы болмайық! Елдің бәрі мына жаққа қарай жүріпті ғой. Ендеше жидек те осы жақта өсетін болғаны, дей беріп еді, Настяның сөзін аңшы бала ұзіп жіберді.

(Жалғасы бар)



Аударған И ЖАРЫЛҒАПОВ



Балалар! Бірінші әңгіmemізде Совет елінің жер жүзіндегі ең үлкен ел екенін айттық. Оның шекараларын ажыратып, жаратылыс жағдайын және байлығын ыснатпаған елік. Бұл жолы СССР Одағының қуатты, өркендеген өнеркәсібі бар ел екенін айтып аяқтаймыз.

Өнеркәсібі өркендеген ел деп завод, фабрика-тері көп, көмірді, темірді, шойынды, асыл металдарды, мұнайды мол шығаратын, темір жол, ауа және су жолы транспорттары күшті мемлекетті айтамыз. Өрбір елдің тәуелсіз мемлекет болуы да, оның күшті өнеркәсібі барлығына байланысты. Өркендеген өнеркәсібі бар мемлекет өз алдына дербес саясат жүргізеді, сырттап шабуыл жасаса да жауларға қарсы күресе алады. Ал, біздің Отанымыз дәл осындай ел.

Советтер Одағы Ұлы Отан соғысында нағыз шапқыншы күшті екі жауды жеңді. Қаһарман Қызыл Армиямыз батыста фашистік Германияның, шығыста империалистік Жапонияның әскерлерінің құл-талқанын шығарды. Сөйтіп, халқымыз Ұлы жеңіске ие болды. Еліміз тағы да бейбітшілік жолмен өркендеуге мүмкіндік алды. Қазір еңбекшілеріміз сталиндік тәртіпті бесжылдық жоспарды жүзеге асыруға кірісіп отыр.

Батыр халқымыздың және өржүрек Қызыл Армиямыздың тамаша жеңіске жетуінің бір себебі-қуатты өнеркәсібіміздің барлығы болды. Армиямыз соғыс кезінде ешбір мұқтаждық көрмеді. Қару-жарақты, оқ-дәріні, киім-кешекті жеткілікті мөлшерде алып отырды. Ауыр өнеркәсібіміздің өркендеуі социалистік ауыл шаруашылығымызды гүлдендірді. Ал, ол елімізге, армиямызға азық-түлікті, өнеркәсібімізге шикізатты көптеп бере алды. Совет адамдары майданда да, ел ішінде де жанқиярлықпен еңбек етіп, ерліктің, тәртіптіліктің асқан тамаша үлгілерін көрсетті.

Біздің еліміз бұрын патшалы Ресей деп ата-

латын. Ескі Ресей ауыл шаруашылығы басым, өнеркәсібі, әсіресе ауыр өнеркәсібі өркендемеген ел еді. Тракторлар, автомобильдер, станоктар, самолеттер жасайтын өндіріс орындары болмады. Өнеркәсіптің химия, соғыс, ірі машина жасау салалары болмады. Темір жол, су жолы, ауа жолы жоқтың қасы еді. Орыс — жапон соғысы кезінде майдандағы әрбір үш солдатқа бір мылтықтан келетін. Дүние жүзілік бірінші соғыс кезінде де орыс армиясы қару-жарақ, тіпті мылтық пен оқ-дәрі жөнінде тапшылық көрді.

Ресей жері кең, көп және жаратылыс байлықтары мол, халқының қаблеттілігі күшті ел бола тұрса да, оны билеуші помещиктер мен капиталистер табы, патша өкметі толық ол байлықтарды іске асыра алмады, көрегіне пайдалана білмеді.

Ұлы Октябрь социалистік революция Ресейде помещиктер мен капиталистер өкметін құлатты. Үкімізде Совет өкметі орнатылды. Отанымыздың тағдыры жұмысшылар мен шаруалардың қолына берілді. Заводтар, фабрикалар, жер, су, кен байлықтары, орман-тоғай халықтың дәулетіне айналды. Бүкіл шаруашылығымызды көтерудің, өркендетудің бірыңғай жоспарлары жасалды.

Совет өкметі, Ленин—Сталин партиясы, сүйікті кәсеміміз Сталиннің бастауымен 12 — 13 жыл ішінде елімізді алдыңғы қатарлы, өнеркәсібі өркендеген, ауыл шаруашылығы мен мәдениеті қаулап өскен Ұлы мемлекетке айналдырды. Сталиндік даңқты бесжылдық жоспарларды орындау нәтижесінде біздің Отанымыз Ұлы Отан соғысы қарсаңында өнеркәсіптің өркендеу, қарқыны жөнінде дүние жүзінде бірінші орынға, ал өндірістің өнім мөлшері жағынан Европада бірінші орынға шықты. Өндірістің көлемі жөнінде біз Европадағы мемлекеттер Англияны, Францияны, кешегі қайратылған Германияны қуып жетіп, басып оздық.


Сталиндік бірінші, екінші, үшінші бесжылдықтарда ауыр өнеркәсібіміз ойдағыдай өркендеді. Машиналар, станоктар, механизмдер шығаратын өнеркәсіп құрылды.

Октябрь революциясынан бұрын өнеркәсіп көбінесе, ішкі Ресейде және Украинада орналастырылған елі. Енді Оралда, Қазақстанда, Еділ бойында, Сибирьде, Орта Азияда қуатты өнеркәсіп өсті. Қазақстанда металлургия заводы салынды, көмір, қорғасын, мырыш, мұнай өндірістері мейлінше кеңейтіле түсті.

Көмір — өнеркәсіптің нағыз. Өнеркәсіптің өркендеуі көмір өнеркәсібінің өркендеуіне тікелей байланысты. Патшалы Ресей 1913 жылы небәрі 29 миллион тонна көмір шығарса, ал Совет елі 1940 жылы 165 миллион тонна көмір өндірді.

Елімізде көмірге бай бірнеше кендер бар. Оның ең ірісі — Донбас. Ол Украина жерінде. Онда көмір шахталары көп. Ұлы Отан соғысынан бұрын елімізге керекті көмірдің жартысынан көбірегін осы Донбас беретін. Ішкілершіл басқыншылар Донбасты көп бұліншілікке ұшыратты. Қазір Донбастың ежелгі даңқы қайта шықты. Ол көмір шығаруда бірінші орынға не болып отыр.

Батыс Сибирьде Кузбас бар. Кузбас — дүние жүзіндегі көмірге бай жердің бірі. Мұндағы кө-



Запорожъя болат қорыту заводу.

мір қоры Донбастағыдай 5 есе мол және сапалы. Кузбас көмір өндірісі Совет өкметі тұсында, әсіресе Отан соғысы кезінде қарыштап өрледі.

Отанымыздың үшінші көмір қоймасы — Қарағанды. Қарағанды Қазақстанның мақтанышы. Кузбаспен қатар Қарағанды Оралдың өнеркәсіпін көмірмен қанағаттандырып отырады.

Астанамыз — Москваның оңтүстігінде, Тула қаласының маңында толып жатқан көмір шахталары бар.

Мұнай өндірісі жөнінде біздің еліміз дүние жүзінде екінші орында. Біздің алдымызда тек Америка Құрама Штаттары ғана бар. 1913 жылы патша Ресейі 9 миллион тонна мұнай алып еді. Советтер Одағында 1940 жылы 34 миллион тонна мұнай өндірілді.

Мұнайдың ең бай жері — Баку. Ол — Азербайжан ССР-нің астанасы. Сонымен қатар, Солтүстік Кавказдағы Грозный мен Майкопте, Батыс Қазақстандағы Эмба өзенінің бойында, Сахалин аралында, Орта Азияда, Украинаның батыс облыстарында мұнай шығарылады.

Советтер Одағы — **электрленген ел**. 1920 жылдың өзінде атамыз В. И. Лениннің басшылығымен Ресейді электрлендірудің мемлекеттік жоспары жасалған болатын. Бұл жоспар 1936 жылдың өзінде-ақ екі жарым есе артығымен орындалды. 1913-жылы Ресейде электр күшінің қуаты 2 миллиард киловатт-сағат еді. Ал, Советтер Одағында электр күшінің қуаты 1938 жылдың өзінде-ақ 39 миллиард киловатт-сағатқа жетті.

1926 жылы Ленинград маңында В. И. Ленин атындағы Волков су электр станциясы салынып бітті. Кейінірек Днепр, Еділ, Сибирь, Кура өзендерінің бойында күшті су электр станциялары салынды. Қазір Қазақстанда, Өскемен қаласында, Ертіс су электр станциясы салынып жатыр.

Металл — бүкіл халық шаруашылығының негізі болып есентеледі. Танктер мен самолеттердің моторы болаттан құйылады. Болаттың тегі — шойын, ал шойынды темір рудасынан қорытады. Шойын мен болат шығару ісі қара металлургия өнеркәсібі деп аталады.

1913 жылы Ресейде 4 миллион тонна шойын шығарылса, ал 1940 жылы Советтер елі 15 миллион тоннаға жуық шойын шығарды.

Сталиндік бесжылдықтардың ішінде Орал мен Кузбаста, Магнитогорскі, Нисевний Тагил, Сталинскі, Орал-Кузнецкі комбинаты сияқты ірі металлургия комбинаттары салынды.

Қазіргі заманның техникасына аса қажетті материал — **түсті металл**: мыс, қорғасын, мырыш, алюминий, қалайы, никель. Мыс көбінесе,

Оралдан өндіріледі. Сонансөз Қазақстанда Балқаш мыс комбинаты бар. Елімізде мыс өндіруде Қазақстан Оралдан кейін екінші орын алады.


Қорғасын өндірісінен Қазақстан елімізде бірінші орында. Республикамызда М. И. Калинин атындағы Ленин орденді Шымкент қорғасын заводы бар.

Машина жасау өнеркәсібі жөнінен біздің еліміз Европада — бірінші, дүние жүзінде — екінші орын алады.

Москвада, Горькийде, Ярославльде автомобиль заводтары, Оралда Орджоникидзе атындағы, Краматорскіде Сталин атындағы ірі машина жасайтын заводтар, Харьковте, Сталинградта, Челябинскіде трактор заводтары бар. Бізде үлкен станоктар, алып кемелер, әсем және өте нәзік аспаптар шығаратын заводтар да көп.

Сөйтіп, Отанымыздың әрі қуатты, әрі алуан түрлі өнеркәсібі мен өндірістері бар. Ол өнеркәсіп пен өндірістер халық шаруашылығын қалпына келтіріп, өркендетудің жаңадан жасалған төртінші бесжылдық жоспары бойынша бұрынғыдан да тәрі гүлдеме бермек.

О. ҚҰДЫШЕВ.



Балқаш мыс заводы

Темігиздерге ілімін

М. ХАКИМЖАНОВА

Мың, миллион жеткіншегім,
Қутты болсын жаңа жыл,
Қызығыңа арнап сенің,
Әшекейлеп төктім жыр.
Сөздің сулу еылдырмағын,
Ойыңшық қып берейін,
Елқақа іші, жаным,
Мен де барып көрейін.
Жасың гүлді қарағайың,
Тағыңсың жыр маржаның,
Дөңгелеңің айналайың,
Қарлығаштың салың өнің,
Сенің бұлбұл тәтті үнің,
Ана жаның тербетсін,
Кел жырлайық, кел құлыным,
Бұл қызыққа не жетсін!
Жаңа жылда жаңа бахыт,
Сендерге арнап тілейін,
Жырдан желі, сөзден жақұт,
Байғазыңа ілейін,
Ақсақалды аяз атаң,
Қасың сілкіп қарасың.

Мойным асыл, келші, батам,
Кім жек көрет баласың,
Ана деген ардақты атты,
Ардақтамас қандай жан,
Дүниедегі ең қымбатты,
Бал бөбегім сен маған,
Қутты болсын, құлын-тайым,
Жаңа жылдың қадамы,
Айдарыңнан айналайың,
Жаңа өмірдің адамы,
Жырдан жөргек, күйден бесік,
Берген саған ұлы адам,
Сталиннің дәуірінде өсіп,
Ел қорғаны бол панам,
Қызыл ана қызғалдағым,
Саған көзім тойрма,
Емісейін жырдың балың,
Ұйқыңнан тұр ояна!
Мың, миллион жеткіншегім,
Қутты болсын жаңа жыл!
Қызығыңа арнап сенің,
Әшекейлеп төктім жыр.

ПИОНЕР ЖҮЙІНІНДА АЙТЫЛДАР

УАГДАЛЫ СӨЗ ТУРАЛЫ

Ж. ҚОНАҚБАЕВ

Сен уағдалы сөзді күнде еститін боларсың. Тіпті өзін де осы сөзді өте жиі айтатын шығарсың. Бірақ, уағдалы сөз деген не, сен соны білесің бе?

— Қамаш-ай, төгелеріңе хат жазып қойшы, — деді анасы оған. Ол:

— Апатай, өзіңіз жазсаңызшы, мен ұмытып кетемін ғой. Шын айтамын, апатай! — деді.

— Бүгін музейге барып келсек қайтеді, — деді оның досы. Ол:

— Тіпті жүре алатын емесшің, аяғым ауырып тұр. Нансаң, шын пионерлік сөзім бұл. Өзің-ақ барып келсейші! — деді.

Байқайсың ба, Қамашты ешкім зорлаған жоқ. Бірақ, ол елді сендіремін деп пионерлік сөзін аямай айтып жатыр.

Егер ол өзінің сөзіне өзі берік болса, неге артық сөйлейді. «Шын айтамыны» несі, «Шын пионерлік сөзім» дегені несі? Осы жерде бұл сөздерді оның қолдана қоятын реті жоқ қой.

Біреуге уағдалы сөз берсең, оны орындау керек. Ал орындай алмайтының бар екен, уәделесіп керегі не? Сен кейде ойламай сөйлейсің де, әлгі «шын сөзді», «пионерлік сөзді» қалай болса, солай айта саласың. Бұл ұят емес пе? Егер сен үнемі уағдашы болсаң, саған кім сенбейді? Әрине, сенеді. Ал, уағдасыз болсаң,

сен жүрегіңді суырып беріп тұрсаңда, саған сенім жоқ. «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма?» деп жазған еді ақын Абай. Әрине, болмайды. Өйткені, сенің жүрегің қуанышқа да, қайғыға да ортақ. Жақсы сөз естисең, ол жүрегіңе қандай жылы тиеді. Жамаң сөз естисең, одан қандай жиркенеңсің. Абайлап көрші енді? Сен жолдасына не десек, ол солай түсінеді, солай сезеді. Сен әлі жассың, көп біліп,

көп көрген жоқсың. Бірақ, өзін оқыған кітаптарыңда уағдашыл адамдарды көп кездестірген боларсың. Сен соларды көз алдына елестетіп көрші.

Жамбыл жыраудың «Өтпеген батырын» талай рет оқыған боларсың. Сонда:

...Еш уақытта болмаймыз,
Зұлымдықтың торында,
Халық үшін қасық қанымыз.
Алусыз болсын жапымыз,
Болысалық әр дайым
Жетім, жесір, момынға, — дейді бағыр.


Міне, бұл батырдың уағдалы сөзі. Ол осы сөзін бұлжытпай орындайды. Оны орындау жолында азапқа да, қиындыққа да, аштық пен жалаңаштыққа да төзеді. Сөйтін жүрсе де ол сөзінен қайтпайды. Ол зұлымдыққа қарсы күреседі. Аждаһамен де, ән жыланмен де алысады. Оларды жеңеді.

Яғни Сәбиттің «Сұлу шап» атты өлеңді романындағы Алтай мен Қайсардың уағдашылдығын көз алдыға елестетші. Қайсар Алтайды сондай жақсы көреді. Айнымас дос болу үшін өмірлік уағдасын береді. Ол осы жолда Алтаймен бірдей қиыншылыққа, азапқа төзді. Өзінің досына көмектесемін деп жүрін, ол биік «Сандықтастан» құлап өледі. Бұл ер азамат екі сөзді бол-

майды дегенді куәландырады.

«Емен ағаштың пілгені-сынғаны, ердің екі сөйлегені өлгені» — дейтін халық мақалы бар. Бұл мақал өте орынды айтылған және екі сөзді болудан аулақ тұруды үйретеді.

Сен батыр Аманкелді туралы да, Нұркен Әбдіров туралы да, Мәшһүк Маметова туралы да оқыған боларсың. Халқымыздың сүйікті қызы Зоя Космодемьянскаяның ерлігіне кім сүйсінбейді. Сен



осылардың өміріне екі сөзділікті кездестірмейсің. Сондықтан да, біздер оларды асқан өрлікпен аңтын аброймен орындаған адамдар деп, зор мақтаушыпен атаймыз.

Атақты француз жазушысы Виктор Гюгоның «Баррикадада» деген өлеңі бар. Ол өлеңнің мазмұны мынадай:

Жас коммунаршы өзінің жауынгерлік ісі үшін өлім жазасына кесіледі. Оны атқалы тұр. Сол кезде ол мылтығын кезеп тұрған офицерден үйіндегі шешесімен қоштасып келуге рұхсат сұрайды. Ол күн бата қайтып оралуға уағда береді. Қараны, ол өлу үшін қайтып оралу керек! Өлу үшін... қандай жеркеништі сөз! Кім өзін өлімге қыяды. Оған қандай жүрек көнер! Ал, жас коммунар өлімнен қорықпайды. Ол тек үйде қалған анасының ақ мамасын бір ніскен, ақырғы рет бетінен сүйгізуді арман етеді. Ол сол үшін уағда береді. Солдаттар оны босатады. Кейінде алдап кетеді ғой деп ойлайды олар. Бірақ, бала шешесімен қоштасады да, айтқан уақытында қайтып оралады.

— Мен келдім, атыңыздар! — дейді ол, маңағы атуға анарың қойған жерге тұрып. Сөйтпін жас жүрегің оққа қарсы ашады.

Міне, ол өзінің уағдашыл, бір сөзді екенін осылай дәлелдейді.

Сен пионер қатарына алынғанда өз жолдастарыңның алдында уәде бердің. Мойнына қызыл галстук байлап, қызыл тудың алдына барып жүгінің отырып, бас игенсің. Демек, сен берген уәденді бұзбауға ант еттің. Жолдастарың сенің жас жүрегіңнен шыққан ең жылы, ең ардақты сөзді естіді. Сен бұған мақтануың керек. Енді сен сол уәденді берік сақтап, өзіңнің даңқыңды, Ленин есімімен аталатын пионер ұйымының даңқын шығару үшін күресуің керек. Пионерлік атағыңды өте жоғары ұстауың керек.

Сен белгілі совет жазушысы А. Фадеевтің «Жас гвардия» деген кітабын оқып шығатын бол. Сонда Краснодарның жас отаншыларының ерлік ісімен танысаың. Олег Кошевой бастаған советтің жас ұлдары немістер басын алған Краснодарда астыртын ұйым құрады. Бұл ұйымға мүше болып кіреді әр қайсысы:

...Талқандалың, өртенген қалалар үшін, ауыр азапта өлген отыз батыр-шахтер үшін жауған аяусыз кек алуға ант беремін, егер осы аңтымды орындау жолында жан керек

болса, бір минутта қыпжылмастан жан беремін, — деп ант береді.

Жас Краснодаршылар бұл аңтын бұлжытпай орындап шығады. Ал, олар жастайынан сондай уағдашыл болған. Өтірік айтуды, кісі алдауды білмеген. Олар өз жолдастарынан ешқандай сыр жасырмаған. Олар уағдасыздықты өте жек көрген.

Сен «Ант» деген киноны көрдің бе? Көрмеген болсаң, пионер отрядының келесі бір жыйынында вожатыйдың осы тақырыпта әңгіме өткізуің талап ет.

1924 жыл... Күн сондай суық. Январь айының үскірік бораны. Владимир Ильичтің қайтыс болуына Отанымыздың бүкіл халқы қара киіп, қатты қайғырды. Ол кез Совет еліне төнген жау толық құртылып болмаған кез еді. Халық жаулары Ильичтің өліміне қуанды. Олар совет үкіметіне, Ленин-Сталин партиясына қарсы шықты.

Сол кезде біздің сүйікті әкеміз, ең жақын досымыз Сталин жолдас халық алдында ұлы ант берді. Партия деген атақты жоғары ұстау, партиямызды көздің қарашығындай сақтау, пролетариат диктатурасын нығайту туралы ант берді. Жұмысшылар мен шаруалар одағын, республикалар одағын нығайту туралы ант берді.

Кеменгер әкеміз, ұстазымыз бұл аңтын бұлжытпай орындап шықты. Ол біздің өржүрек, еңбек сүйгін ата-аналарымызды, тұтап-туысқандарымызды жеңістен-жеңіске бастап келеді.

Балалар, бұл халық алдында берген уәдені бұлжытпай орындаудың ең ұлы бейнесі болып табылады. Орындалған бұл ұлы ант жөнінде Жамбыл жырау асыл жыр жазған.

«Өсиет еткен өлерде,

Лениннің көп нұсқауын

Кұрыштай қырап ұлы аңтын,

Орындады Сталин» — дейді Жәкең.

Жас пионер, не болса соған уәде беріп, өзіңді өзін мазақ етіп жүрмейсің.

Сенің берген уәдең ісінде көрініп тұрса. Міне, сонда ғана сен Отан-ананың адал азаматы болып өлесің.

Сенің пионерлік уәде-сенің ең ардақты сөзің. Сол уәденді бұлжытпай орындауда коммунист, комсомол аталарыңнан үлгі алуың керек. Олар өмірі екі сөйлемейді. Өйткені, екі сөзділік-екі жүзділік болып табылады.



ҮЛКЕНДІ СЫЙЛАУ

Мектептен қайтқан бір топ бала құдықтан су алып жатқан бір қарт ананың жанынан өтіп бара жатты. Бір бала ананың бүкшендеп терең құдықтан қауға тартып жатқанын көрді де, қасына келді:

— Әже, мен өтерейін, — деп қауға саяты қолына алды да, суды құдықтап алып берді.

— Рахмет, балам, үлкен жігіт бол! — деп қарт ана батасын берді. Бала:

— Шеше, үйіңізге жеткізіп берейін, — деп шелекті көтеріп, ананың үйіне алып келді.

— Көргенді бала скенсің, атың кім, шырағым-деді ана баланың ісіне шын жүрегімен сүйсініп.

— Мұрат, — деді бала жолдастарына кетіп бара жатып.

Балалар, бұл сендердің өмірлеріңе тән қасиеттерден бір ғана мысал. Мұнда танданарлық та ешнәрсе жоқ. Үлкенді сыйлау, қадір тұту совет жасының төл дәстүрі. Ал осыны тереңірек ойлап көрсек үлкей мән жатыр.

Мұратты біз танымаймыз. Алайда, оның игі ісі, сөз жоқ, ойландырады. Ол мектепте де, үйде де, жолдастарының арасында да үлгілі, өнегелі болуға тиіс. Оның осы бір ғана өнегелі ісі көп қасиетті аңғартады. Ісіне риза боласың, арқасынан қағып, жарайсың жігітім дегің келеді.

Әрине, үлкенді сыйлау біреуден мақтау алу үшін ғана жүзеге асырылмауы керек. Бұлай ойласақ, мүлдем теріс болар еді. Әңгіме басқада. Мұрат қарт анаға қолқабыс көрсеткенде, одан бір мақтау алайын деп ойлады дейсіз бе. Ойлаған жоқ. Ол шын жүрегінен қартты хұрметтегендіктен орын берді. Сөз етер қасиеттердің де өзі, міне осында.

Жасыратыны жоқ, біздің кейбіреулеріміз үлкенді хұрметтеу дегенге маңыз бермейміз. Бұл мәселеге бір жай нәрсе сыяқты қараймыз. Үйде, түзде өзімізден үлкен кісі кездесе қалса, сәлем бермейміз, трамвайға отырсақ, үлкенді елеп, оған орын ұсынбаймыз. Кейде мұғалімнің де айтқанын тыңдай бермейміз. Мұның бәрін, әрине, түсінбегендіктен істейміз. Егер біз өз өмірімізге ой жіберіп, терең түсінсек ешқашан бүйтпеген болар едік.

Мектептерде соңғы жылдарда оқушылар үшін арнаулы ереже шықты. Мінез-құлыққа пән ретінде баға қойылатын болды. Онда тәртіпті болу, үлкенді сыйлау, үлгілі болып өсу көзделетіні өздеріңе мәлім. Мұндағы мақсат не? Мұндағы мақсат-келешектерің үшін күресуші ата-ана, ағаларыңның ісіне көмектесу жолында сендерді дұрыс тәрбиелеп өсіру болып табылады.

Әрқайсысыңның да ата-аналарың бар, туғандықандарың бар. Солар не үшін өңбек етеді, не үшін өмір сүреді. Осыны терең ойлап көрген жөн. Кеше еліміз фашист басқыншыларға қарсы ұрыста сұрапыл құрбандықпен жеңіске



жетті. Не үшін алысты жаумен. Кім үшін алысты. Сендер үшін, сендердің болашақтарың үшін, жас ұрпақ. Еліміз сталиндік жаңа бесжылдықтың ұлы міндеттерін аброймен орындауға бір кісідей жұмылып, қажырлы күш жұмсауда. Бұл да сендер үшін, сендердің даңқты өмірлерің үшін, коммунизм үшін.

Ең ақыры мынадай бір жай нәрсеңі алайықшы. Айтайық, сендер оқып жүрсіндер. Өмірлеріңіз шат. Білім алуларыңызға жол ашық. Мұның бәрі кімнің арқасы. Совет өкметінің арқасы, ұлы Сталиннің қамқорлығы арқасы. Октябрь революциясынан бұрын еңбекші халықтың балалары бақытсыздықта, ауыр азатта, бишаралықта өмір өткізгенін көбің тарихтан білесіндер. Ол ауыр заман еді. Ол кездің бұқара жасы бақытсыз еді.

Ленин — Сталин партиясының басшылығы арқасында, ұлы орыс халқының көмегімен еліміз азаттық алып, бақытты өмірге қолы жетті. Өз қолымен социалистік мемлекеттің ірге тасын қалап, нығайтты, берік қамалға айналдырды. Сөйтіп, сендердің еркін өмірде терең білім алуларыңа, келешекті совет азаматы болып өсулеріңе толық жағдай жасалды.

Біз бәрімізде «жолдас» деген сөзді жақсы білеміз. Және оны жиі естіміз. Біздің жүйеміздің негізі осы бір сөзде айқын бейнеленген. Совет адамы-біріне бірі жолдас. Оның тіршілік өмірі, ой мақсаты-жолдастыққа негізделген. Біздің мемлекетіміз-социалистік мемлекет. Оның несі халықтың өзі. Әрбір совет азаматы өз мемлекетінің тағдырына ортақ. Ол ұлы құрылысымызды жасаушы.

М. Қалдаманов

Көңілсіз экскурсия

Біздің мектебімізде тоқымашылардың балалары оқиды. Әр күн сайын ертемен балалар өз мектебіне қарай ағылғанда, олардың ата-аналары да фабриканың орталық пунктінен ішке қарай өтіп жатады. Бұл шұға фабрикасы. Онда таза жүннен шұға тоқылады. Бірақ жүн мата болғанша 60 тән аса әрекетке түседі. Жүн тазаланады, сортқа бөлінеді, түгіледі, шүйкеленеді, иіріледі, содан кейін тоқыма станогіне беріледі. Тоқылған кездеменің өзі бірнеше түрге бөлініп, одан соң боялады. Міне, өндірістің осындай қызықты жұмысын балалар барып көруді көптен бері ойлап жүруші еді.

Жуырда бұл тілегіміз жүзеге асып, Шұға фабрикасына экскурсияға бардық. Экскурсияға екі 4-кластан, екі-екіден төрт звено қатысты.

Экскурсияға шығардың алдында тоқыма цехының инженерлері Әбуғали Айтбаев бізге фабриканың жұмысы туралы түсінік беріп, Сталиндік жана бесжылдықтағы атқаратын жұмыстарының түрімен таныстырды.

Міне, ұзындығы 30 метрдей бір станок гүрсілдеп жұмыс істеп жатыр. Бұл жіп иретін машина. Екі жақ шеттегі үлкен тегерменнің арасында ілгері-кейінді барып-қайтып тұрған валиктің бойында тізілген 350 ұршық қозғалып кеткенде көз ілеспейді. Бұл Сталиндік бесжылдықтың стахановшылары-комсомолкалар — Мария Конюшенко мен Любовь Лукьяненконың станогі екен.

Инженер 4-класстың оқушысы, пионерка Дәрбен кызы Шолпанға күліп қарап:

— Станоктің осы көріп тұрған ұршықтары сегіз сағаттың ішінде 900 мың метр жіп иіреді, егерде осыны сенің қарт әжеңе қолдан иіруге

берсек, неше күнде бітірер еді, айта аласың ба, қалқам? — деді.

Шолпан аз тоқталып тұрды да: «шамамен менің әжем күніне 4 сағаттан отырып, 1000 метр жіп иірсө, 900 күннің ішінде бітірер еді деді.

Станоктарды жағалап, жаңа машиналар тұрған жерге қарай келеміз. Қарсы алдымыздағы № 8 және № 9 тоқыма станоктарының жоғарғы жағынан: «Сталиндік бесжылдықтың алдыңғы қатарлылары — Мария Саргомасова мен Евдокия Опариноваға сәлем!» деген әдемі жазу көрінді. Балалар инженерден бұл станоктың өзгешелігін сурады.

— Бұл Бүкіл одақтық жарыста бәйгі алған екі қыздың станогі. Мұнда жақсы сортты кездеме тоқылады, — деді инженер балаларға қарап.

Сыртқа шығатын үлкен есікке жақындап келеміз. Біздің сол жағымыздағы қабырғаның іргесінде күмістей жарқыраған станок көрінеді, маңдайына № 7 деп жазылып қойылған. Фабриканың атақты стахановкасы Сәтипан Жәңгірбаеваның станогі осы екен. Балалар Сәтипанның қысқаша сөзін тындап, жана машинаның тетігімен танысты. Сонан кейін инженер балалардың сұрауы бойынша, өз өмірі туралы бөлмесінде отырып қысқаша әңгіме айтты.

Ұлы көсеміміз Сталин, сүйікті отанымыз — Советтер Одағы сендердің ардақты жақсы азамат болып, ержетулеріңе әкелеріңдей қамқорлық жасап отырады. Осыны ұмытпаңдар! Шамаларың келгенше, жас достарым, жақсы оқыңдар! — деп инженер сөзін аяқтады. Балалар қуанышпен мектебіне қайтты.

Айдар ОМАРБАЕВ,
Жамбыл ауданы.



Цех басшысы, инженер Әбуғали АЙТБАЕВ балаларды тоқыма станоктарымен таныстырып тұр. Суретті түсірген П. РЕДЬКО



ШАҢҒЫШЫЛАР ЖАРЫСЫ

Мезгіл сәске кезі еді. Аспан шайдай ашық. Балалар шаңғыларына мініп, олай-бұлай жүре бастады. Туяқбай таяғын сермей тастап Болатқа:

— Менің «күреңшем» тұлпардай күйкылжымайма. Сұлымен күткен аттай жалт-жулт етуін қарашы? — деді.

— Менің «бозым да» қалыса қоймас. — деді Болат өз шаңғысын мақтап.

Уақыйға былай болған еді:

Соғыс ісі пәнінен сабақ беретін оқытушы Василий Васильевич сабақ үстінде: Балалар, боямаған, майланбаған шаңғы, шені жоқ шана сыяқты. Ол жазды күнгі майсыз арбадай шықырлап, ауыр тартады. Шаңғыны катты қайнап жатқан суға салып балқытып алу керек. Сонсоң майлы бояумен сырлап әбден кептіріп алса, ол әрі төзімді, әрі жүйрік болады, — деген еді. Балалар оқытушының бұл сөзін ұғып алып, орындап шыққан болатын. Туяқбайдың «күреңшем» деп тұрғаны, ол шаңғысын күрең бояумен сырлап, май жаққан.

Бүгін жорық күні. Екі алтыншы кластың пионерлері жарысқа аттанбақ. Олар бұл жарысты көптен шыдамсыздана күтуде еді.

Міне, далаға Василий Васильевич пен аға пионер вожатыйы Мурат шықты. Олар балаларды екі топқа бөліп, қаз қатар тізді. Бір топты шаңғысын Мурат қарап шықты. Екінші топты Василий Васильевич аралады. Ол құлақшының құлақтары салбырап тұрған Белгібайды көрді. Белгібай құлақшының құлақтарын көтеріп байлауды ұмытып кетіпті. Василий Васильевич:

— Шаңғы теңкенде, жорықта жүргенде бас киімді қалай кию керек? — деді. Бұған Белгібай қызарып, қатты уялды. Ол құлақшының қолына алып, бауларын қайта байлады. Мұның үстіне оның шаңғысының қайысы да бөсіп, аяқта-

рына қолқылдап тұр екен. Василий Васильевич оның қайысын аяққа ықшамдап тарылттырды. Шаңғы таяғының ұштарын да қарады. Бұдан соң шаңғышыларды колхоздың батыс жағындағы кішкене төбеге қарай аттандырды. Балалар екі бөлінген қалпында, колхоздың ұзын көшесін бойлай жорыққа жол тартты.

Олар алғашында қаз-қатар тізіліп баяу жүріспен отырды да, колхоздан шығысымен күлдырай жөнелді. Олардың сыртынан Василий Васильевич алыстан бақылап тұрды. Төбенің ең биігіне келгенде екі топ екі бөлек сапқа тұрды. Тап биікте олардың ортасынан окшаулау біреу көрінді. Бұл аға вожатый Мурат еді. Мурат қолындағы кішкене туын бір желпіп шаңғышыларға старт берді.

Сол-ақ екен шаңғышылар төбеден ағыза төмен құлады. Олар тізелерін бүгіп, таяқтарын сүйрете зымырап келеді. Төбе басынан жапырлаған дүктелер ойға допша домалағандай болды. Олар жазыққа түсісімен бірінен-бірі оза бастады. Сөйткенше болған жоқ шаңғышылардың алды қарақшы қойылған құдық қасындағы «Түйе тастан» өтіп, колхоздың қотанын қак жарып, мектепке қарай тартты. Түйе тастың басы халыққа лық толы. Әресе, балалар Василий Васильевичті қоршап алған. Олар қарақшыдан зымырап өткен шаңғышылардың соңынан да тура жүгіріседі. Василий Васильевич өзінің дәптерімен сағатына үңіліп тұр. Шаңғышылардың бәрі оның дәптеріне тізіліп болды. Талай минуттар да қаз бетіне қонып қалыпты.

Жас шаңғышылар жарысы аяқталды. Үшінші пионер отряды бірінші орынға не болды.

Бұл екі пионер отрядының сталиндік конституция күніне арналған жарысы еді.

Қ. ЖҰМАНОВ

ЖАС ПИОНЕР АТАҒЫН ҚАЛАЙ АЛДЫМ

Бір күні аға вожатый Александр Петрович біздің арамызға келіп, пионер ұйымы туралы әңгіме өткізді. Әңгіменің үстінде класс оқушылары жақсы тәртіп сақтап, пионер ұйымының тарихы, бұл ұйымның не үшін Владимир Ильич Лениннің өсімімен аталатындығы туралы түсінікті ұлкен ынтамен тыңдады.

Әңгімеден кейін, 3-класстың оқушылары өздерінің пионер қатарына өткісі келетіндіктерін білдірді. Біздің ішімізден сөз алып сөйлегендер де болды. Менімен бірге бір партада отыратын оқушы бала — Виктор Чернышевпен мен екі жылдан бері жолдас болып келемін.

Виктор екеуміз пионер қатарына өтуге көптен бері әзірленіп жүрдік. Оны Александр Петрович білетін де еді. Осы әңгіменің үстінде ол бізді сөйлеуге шақырды. Сонан кейін Виктор балалардың алдына шығып, пионер қатарына өтуге екеуміздің қалай әзірленіп жүргендігіміз туралы айтты.

— Пионер қатарына өту — деді ол, — Самғали екеуміздің көптен бергі арманымыз болып келеді. Біз пионердің заңын үйреніп, жыйында айтатын салтанатты уәдемізге дейін жаттап біліп алдық. Апаларымыз галетукпен киетін костюм тігіп берді. Октябрь мерекесі күні болатын салтанатты жыйында біздерді де пионер қатарына алуыңызды сұраймыз, деген де, бүкіл класс оқушылары ду қол шапалақтап, оның сөзін қуаттады.



Арада айдан аса уақыт өтті. Мектептегі пионер дружинасы ноябрьдің 6 күні кешкі сағат 6-те, Октябрь Социалистік революциясының 29 жылдық ұлы мерекесіне арналған салтанатты жыйынның шақырды. Жыйында 3-класстың оқушылары пионер қатарына өтті. Олар Ленин—Сталин ісі үшін күресте ақырына дейін адал және қажырлы болатындығын айтып уәде берді. Ленин атындағы пионер ұйымының мүшесі деген ардақты атақты жоғары ұстауға, оқуды жақсы оқуға біз де ант еттік.

*Пионер Самғали КАЖЫМОВ
Жамбыл ауданы.*



Ақын атамыз Жамбылдың немересі ЖУМАКАН АҚҚУЛОВ (3-класстың оқушысы) атамыздың музейіне келіп, сол мектептегі № 1 пионер отрядының бірінші зенасы пионерлерінің арасында домбыра тартып отыр.

Суретті түсірсе П. РЕДЬКО

ТЕХНИКА КЕРЕМЕТТЕРІНІҢ БІРІ

Г. ХАТЕЛОВ



Осы күнгі техникадағы кереметтің бірі — радионы қолданудағы оқаналық — радиолокация болып отыр.

«Радио» деген сөз латынның «раднус» (сәуле) деген сөзінен шыққан. Қандай радиостанциясы болмасын, олардың барлық жұмысы көзге көрінбейтін электрмагниттің қозғалысына, былайша айтқанда, радио толқынына негізделген. Радио толқыны радиостанциясындағы антеннаның (мұнараның) айналасында пайда болады және антеннадан шығып, аса тез жылдамдықпен төңірекке таралады. Атақты физик Герц бұдан алпыс жыл бұрын, радио толқынының жылдамдығы жарықтың жылдамдығымен бірдей екенін дәлелден берді. Ал жарықтың жылдамдығы секундiне 3 жүз мың километр, радио толқыны да сәуле шашу заңына бағынады. Ал, радиолокация радио толқынының осы тамаша қасиетiне негiзденiп шығарылған.

Сәуленің жарығы тұман мен бұлттан өте алмайды. Ал, радио толқынының яғни электр магниттің сәулесiне тұман мен бұлт бөгет жасамайды. Адамның көзiне көрiнбей, көмескi тұрған нәрселер де радиолокатордан ешқандай қашық кұтыла алмайды. Радио толқынының жолында кездескен қандай зат болса да, мейлi ол самолет болсын, мейлi ол кеме болсын, тіпті, теңiз бетiнде қалқып жүрген мұз таулары болсын, бәрi де радиолокатордың экранына келiп түседi.

Радиолокация — радио толқынының жәрдемімен кеңістіктегі объектінің (заттың) тұрған орнын анықтау. Заттың орнын табу — радио толқынының сол затқа жетіп, одан қайта шыққан магниттік жаңғырығу арқылы білінеді. Радиолокатордың толқын таратушысы кеңістікке радио толқынын прожектордың жарығы сияқты бір ізбен ұшқындатып тартады. Егер оның жолында бір кедергі самолет немесе кеме кездессе, радио толқыны жаңғырығын кері тебеді. Бұл күн сәулесінің қарсы тұрған айнаға шағылысып, кері қайтқаны сияқты құбылыс.

Ал сол кедергіге дейінгі қашықтықты білу үшін радио толқынының, сол кедергіге жеткенге дейінгі уақытын, жылдамдығына көбейтіп, одан шыққан санды екіге бөлу керек. Мысалы, радио толқыны барып жететін заттың қашықтығын 150 километр деп алайық. Оған радио толқынының жетіп, кері қайтқан жолын қоссақ, толқынының барлық жүрген жолы 300 километрге тең болады. Ал, радио толқыны бұл жолды секундтің мыңнан бір бөлегіндей уақытта өтеді. Зат тұрған араның қашықтығы бұдан кем болса, толқынының оған жетіп қайтатын мерзімі де аз болады. Сөйтіп, радиолокацияда секундтің миллиондық бөлшегіне дейін кететін уақытпен жұмыс істеуге тура келеді. Уақыттың мұншалық ұсақ бөлшегін өлшеп біліп отыру өте қиын.



Сондықтан уақыт өлшеуін білуге қолданатын тамаша аспап бар. Ол электронды сәуле шашатын түтік (бірінші сурет) деп аталады.

Бұл түтіктің негізгі бөлшектері ішінен ауасы сорылып алынған шыны сауытта тұрады. Түтіктің түп жағында арнаулы элемент (К) бар. Ол элементті электр тоғимен қыздырғанда, оның үстінгі жағынан атомның бөлшектері—электрондары ұшып шығады. Ұшып шыққан электрондар ағып келіп, ондағы экранға кішкене сәулелі дақ түсіреді. Электрон ұшқындары, өзінен алыстау электрлі пластинканың ықпалында болады. Радиолокатордың толқын таратушысы біраз радио толқынын жіберсе—ақ түтіктің экранындағы О нүктесіне тік сәулелі сызық пайда болады. Бұл радио толқыны кеңістікке таратылғанын белгісі (екінші сурет). Мұнан кейін радио толқынын тарату кенет тоқтатылып, кері қайтқан радио жаңғырығы қабылдана бастайды. Экранда қайтадан «сәулелі сызық» С пайда болады. Егер радио толқынының жолында екінші бір кедергі кездессе онда қосымша «сәулелі сызық» С2 пайда болады. Сәулесін жерге шашатын зат алыстағая сайын сәулелі сызық экранның оң жағына қарай түседі. Бұл көлденең түскен сәулелі сызықтардың астынан ұзын сызық сызылады, ол сызық километр қашықтығына бөлінеді, сол әрбір километрді көрсететін белгінің үстіне тартылған сәулелі сызықтар арқылы радио толқынының жолындағы заттардың қаншалық қашықтықта екені өлшенеді.

Радиолокациялық станциялар мен кәдімгі радиостанцияларының жұмысының арасында зор айырмашылық бар. Радиолокация станциялары серпінді толқынмен яғни импульспен жұмыс істейді.

Радиолокатордың радио толқынын таратушысына да бір антенна жарай береді. Импульс жіберілген кезде, антенна радио толқынын таратушыға жалғастырылады. Ал радио толқынын тарату тоқталған кезде антенна леде радио толқынын кері қабылдаушысына жалғастырылады.

Антенна кәдімгі прожектор айнасының бір нысанға түсірген сәулесі сияқты, сәулелі толқындарды жінішке бір ізге жыйнап, оны белгілі бағытқа жіберіп отырады. (үшінші суретте).

Импульстер жаңғырығып кері қайтқанда да, берілген радио хабары сияқты бір ізбен келеді.

Антеннаның бағдарлауы бойынша радио толқынының жолындағы заттардың бағыт бет алысы да белгілі болады. Ал мұның маңызы од заттың қашықтығын білуден бір де кем емес.

Радиолокация, 1944 жылы немістердің Лондонды атқылауға қолданған снаряд—самолеттерге қарсы күреске ерекше жақсы көмек көрсетті. Ағылшындар снаряд — самолеттерге қарсы күресуге ерекше снарядтар ойлап шығарды және ол снарядтардың бас жағына кішкентай радиолокация станциясын орнатты. Снарядтар Лондонға ұшып келе жатқан снаряд самолеттерге қарсы жіберіліп, оны орта жолда талқандап отырды. Мұның мәнісі былай: снаряд—самолеттерге қарсы атылатын радиолокациялы снаряд, самолетке 20 метр қалғанда, радио толқынының қарсы келе жатқан снаряд—самолетке соғып, кері қайтқан, жаңғырығуынан жарылады. Сөйтіп ол снаряд—самолеттің аспанда быт—шытын шығарады.

Немістердің Лондонды талқандауға жіберген снаряд—самолеттерінің көпшілігі осындай әдіспен яғни радиолокациялы снаряд арқылы құртылған болатын.

Радионы пайдаланудағы техникалық жаңа табыс-



тар радио толқыны арқылы заттың түрі, қалпын және оның қозғалысын көруді зерттеу ғылымын орасан өркендетеді. Ол ғылым теловидение деп аталады. Радиолокацияны техниканың түрлі саласында және халық шаруашылығында қолдану ісі жыл санап кеңінен өрістетіледі. Біздің еліміз радионың алғаш шыққан жері. Еліміздің ғылымпаздары радио техникасының жаңа саласы болып саналатын бұл тамаша істі барынша өркендету жолында нәтижелі жұмыстар істеп отыр және істей береді.

Біздің оқушыларымыздың шығармалары

Ел ері

Саңқылдап азат дауысы көкті жарып,
Айдынды ақ алмастай қайраттанып,
Лениннен ұшқан қыран құлаш сермен,
Бақ туын қолына алып дабыл қағып,
Шеп құрып қанды майдан, қара түнде
Бұлтты айдап буырқанған серпіп мүлде.
Ел үшін еңбек етіп, ерлік жасап,
Жеткізген ер халықты нұрлы өмірге,
Қаһарлы қажымайтын қайратты ер,

Алғыр ой айнымайтын өршеленер,
Данышпан терең ойлы даридай
Шешен тіл дұшпанға оқ алмас семсер.
Ел ері қыран құстай ұшқан самған
Халықтың жүрегінен орын алмақ,
Іші алтын, сырты күміс асыл жырды.
Төгемін шын жүректен Кировка арнап.

Жұмағағы АХМЕТОВ
Алматы, № 18 — мектеп.

Кітап

Кішкентайдан білім іздеп,
Сені мәңгі сүйгемін.
Сені сыйлап, алдыңа кеп,
Иіліп бас ягемін.

Сені оқысам-көңілім шат,
Жан рахатын тапқамын.
Болсадағы ұйқы қымбат,
Білмей таңның атқанын.

Сенен алып адамдықты,
Арды бойға күйгамын.
Жастай қорғап адалдықты,
Өнер-білім жыйгамын.

Бар дапалық, данышпандық,
Сенде, саған сенгемін.
Қыйындыққа мойын сұнып,
Шат боп саған ергемін.

Айтсам тілім жетер емес,
Аса қымбат бергенің.
Дәмі аузымнан кетер емес,
Анам сүті сенбе едің!?

Мәдіхат ТӨРЕЖАНОВ
Ақмола қаласы.

КҮН САИЫН

Әлі көкжиектен күн көтерілген жоқ, жұрт таңертеңгі жұмысына да барған жоқ, көшеде балалардың дабырлаған дауысы да естілмейді. Бірақ, сен жатқан бөлмеге радионың:

— Қайырлы таң, балалар! Тезірек тұрыңдар да, таңертеңгі денеқыймылына дайындалыңдар!— деген көтеріңкі даусы естіледі. Сонда сен орнынан тез тұрасың да, терезенің желдеткішін ашасың. Сөйтін таңертеңгі денеқыймылын жасауға кірісесің.

Москва радиосының микрофоны алдында денеқыймылы (гимнастика) пәнінің оқытушысы сөйлеп тұрады. Оның күшті дауысы еліміздің барлық түкпіріне тарайды. Оның нұсқауы бойынша, ересектер де, балалар да таңертеңгі денеқыймылын жасайды.

Рас, кейбіреулерінің үйлерінде радио болмас, Москвадан радио арқылы берілген денеқыймылы жаттығуларын ести алмассыңдар. Сондықтан біз сендерге арнап, әдейі таңертеңгі денеқыймылы жаттығуларының негізгі бес түрін беріп отырмыз. Енді сендер осы жаттығудың бес түрін үйреніп алып, үйлерінде өз беттеріңмен таңертеңгі денеқыймылын жасайтын болыңдар.

Бірінші жаттығу:

Екі аяқтарыңды бірге қосып, тік тұр. Қолдарыңмен мықындарыңды таяп. Соған соң ішінді ішке тарт, қолдарыңды жайлап төмен түсір де, қайтадан мықыны-
ңа қой.

Екінші жаттығу:

Аяқтарыңның өкшелерін бірге қосып, ал бастарың екі жаққа қарат, қолыңды гәмен түсір. Соған соң қайта көтеріп, оған ыйығыңмен бірдей етіп екі жаққа соз. Оны мен қатар, екі алақаныңды жоғары қарат та, саусақтарыңмен алақаныңды қысып, жұдырығыңды түй. Шынтақтың буынынан қолыңды өзіңе қарай бүк, соған соң қолыңды екі жаққа қайта жаз да, ештеп төмен түсір.

Үшінші жаттығу:

Екі аяғыңды екі жаққа ештеп (ыйығыңмен бірдей етіп) жаз. Соған соң өзің ілгері қарай еңкей де, саусақтарыңды еденге тигіз. Соған соң қайтадан тез тік түрегел.

Төртінші жаттығу:

Аяқтарыңды бірге қос та, екі басың екі жаққа қарат, соған соң тізенді бүгіп, аяғыңның ұшымен басып, жүреңнен отыр. Қолыңды алға қарай соз да, аяқтарыңның өкшелерін ылғый қосып тұр да, екі тізенді екі жаққа жібер. Аяқтарыңды тік жазып, бұрынғы қалпына қайта кел.

Бесінші жаттығу:

Өкшелеріңді бірге, ал аяғыңның бастарың екі жаққа қаратып тұр. Қолдарыңмен мықыныңды таяп. Басың мен ыйығыңды сәл ілгері ұста. Шынтақтарыңды кейін қарай жібер де, басыңды көтер, кеуденді керіп жаз.

Осы жаттығулардың жасаған уақыттарда демді ішке дұрыс тарту керек. Әрбір жаттығулардың арасында 15 — 20 секунд демалу жөн. Ал, жаттығуларды істеп болғаннан кейін дымқыл орамалмен дененді сүрт. Дененді әуелі қоңыр салқын сумен, соған соң біртіндеп суық сумен сүртуге дайылап. Одан кейін құрғақ орамалмен сүрт.

Әрбір мектеп оқушысы мен пионер өзінің жұмыс күнін таңертеңгі денеқыймылынан бастау керек. Әрбір звено вожатыйы таңертеңгі денеқыймылы туралы пионерлермен әңгіме өткізсін, звеноның жыйынында таңертеңгі денеқыймылының жаттығуларын үйреніп аласың. Сөйтін, әрбір пионер үйінде өз бетімен таңертеңгі денеқыймылын жасайтын боласың.

М. ЖАЙШЫБАЕВ,



НЕГЕ БҮЛАЙ АТАЛҒАН

Балалар, «Пионер» журналының өткен жылғы 2-санында жер бөлектері неліктен Азия, Европа, Африка, Америка, Австралия және Антарктида деп аталғандығы туралы, бұл атаулардың шығу тарихы туралы мақала басылған еді. Оны оқыған боларсыңдар.

Ал, біз бұл жолы сендерге мұхиттардың аты-жөні туралы олардың да неге бұлай аталғандығы туралы айтпақшымыз.

АТЛАНТ МҰХИТЫ.

Атлант мұхиты бұрын Батыс мұхит, кейде Солтүстік мұхит деп аталып келген. Бұл мұхиттың қазіргі аты атап замандағы грек елінің ағайынды батырлары Атлант мен Прометей жайындағы аңызға байланысты.

Бұл аңызда тілін алмағаны үшін, құдай адам баласынан отты таратып әкеледі. Прометей батыр аспанға шығып, отты адам баласының өзіне қайтадан әкеш береді. Ал, оның ағасы Атлант батыр аспан әлемін жеңіп, өзіне бағындырады. «Адамзат бізбен бәсекелесе бастады», — деп көп құдай оларға қатты өшпеседі. Олар Прометейдің қол-аяғын кісендеп, Кавказ тауының бір шоқысына шегелеп тастайды. Күн сайын кеудесін қара құсқа шоқытады. Құдайлар Атланттың шынжырлап Африкадағы Атлас тауына таңып тастайды. Осыдан барып, Африканың солтүстік-Батыс жағасындағы суды Атлант мұхиты деп атап кеткен.

1650-жыл Голландияның оқымыстысы Бернгаул Варена бұл атауды бүкіл жер жүзіне таратқан.

ТЫНЫҚ МҰХИТ

Бұл мұхит кейде Ұлы мұхит деп те аталады.

Европа адамдарының ішінде бұл мұхитты тұңғыш ашқан Испанияның жаһан-кезешісі Васко де Балбао деген кісі. Ол 1492-жылы Панаманы бойлап келіп, оның ең жіңішкерген тұсынан жалпақ теңізді көрді. Де Балбао бұл теңізді Оңтүстік теңіз деп атаған. Бұдан кейін сегіз жыл өткен соң атақты жиһанкез Фернандо Магеллан Оңтүстік теңізді бірінші рет жүзіп өтіп, Тынық теңіз деп атаған.

Олай атау себебі: Отты жерден Филиппин аралына дейін осы теңіз арқылы жүз күн бойы жүзгенде, бір рет те дауыл соқпай, теңіз үсті тынық болған.

Француз географы Боттың ұсынысы бойынша, 1756-жылдан бастап Тынық теңіз Ұлы мұхит деп аталған. Өйткені жер жүзіндегі ең үлкен теңіз—осы Тынық теңіз екен. Сөйтіп бұл күнде бұл теңіз — Тынық яки Ұлы мұхит деп аталады.

ҮНДІ МҰХИТЫ

Бұл мұхиттың Үнді мұхиты деп аталатын себебі: бұл Индия елінің оңтүстігін ұзын бойына алып жатады. Үнді мұхитының солтүстік батыс жағында осы мұхитта құятын Инд дейтін өзен бар, содан мұхит осы өзеннің атымен аталып кеткен.


«Инд» деген сөз Индия халқының ерте замандағы «өзен» деген сөзі.

СОЛТҮСТІК МҰЗ МҰХИТЫ


Бұл мұхит Солтүстік полюс айналасында болғандықтан Солтүстік мұхит деп аталған. Мұны кейде Поляр немесе Арктика теңізі, мұхиты деп де атайы.

Бұрын оқымыстылар жердің оңтүстік полюсінің маңайында Оңтүстік мұз мұхиты бар деп болжал жасаған.

Қазірде оңтүстік полюсте ешқандай мұхит жоқ екендігі анықталды. Онда тек құрғақ жер бар, ол жер Антарктида деп аталады.



„Отыз алты үй“



Журналымыздың 1946-жылғы 1-санында басылган «Отыз алты үй» деген жұмбақ суреттің жауабы. Дұрыс шешуін жібергендер:

Жолжан Сейсенбаев (Гурьев облысы Манғыстау ауданы), Төкен Жаркынбаев, Ақылбай Бұғыбаев (Алматы) және К. Ақайдаров, С. Көшкінбаев (Қызыл орда).

«Шарадалардың жауабы»


Журналымыздың 1946-жылғы 2-санында басылған шарадалардың жауабы

I. Балқаш.

II. Алма — Ата (Алматы)

Дұрыс шешуін жібергендер:


Бибінур Жаманбалина (Петропавл), Дүйсенкүл Қырықбаев (Жамбыл облысы, Луговой ауданы), Халел Көшекөв (Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы).



Журналымыздың 1946 жылғы 2-санында басылған есептің шешуі.

Дұрыс шешуін жібергендер: Бибінур Жаманбалина (Петропавл), Дүйсенкүл Қырықбаев (Жамбыл облысы, Луговой ауданы), Халел Көшекөв (Батыс қазақстан облысы, Орда ауданы), Е. Аймуратов (Гурьев).

„Е с е п“



Журналымыздың 1946 жылғы 2-санында басылған есептің шешуі. Дұрыс шешуін жібергендер: Халел Көшекөв (Батыс қазақстан облысы, Орда ауданы), Е. Аймуратов (Гурьев), Төкен Жаркынбаев, Ақылбай Бұғыбаев (Алматы), К. Ақайдаров, С. Көшкінбаев (Қызылорда).

М А З М Ы Н Ы

А. Қононов—Сембілік. Ленин туралы әңгіме. 1	М. Қалдаманов—Үлкенді сыйлау 16
Ә. Әбішев—Әке мен бала (әңгіме, соңы). 3	А. Омарбаев—Көңілді экскурсия. 17
А. Наурызғалиев—Алатау (өлең). 7	Қ. Жұманов—Шаңғышылар жарысы. 18
Ә. Нұршаихов—Қос тұлпар 8	С. Қажымов—Жас пионер атағын қалай алдым. 19
М. Пришвин—Күн қоймасы (әңгіме, жалғасы). 9	Ғ. Хателов—Техника керметтерінің бірі. 20
О. Құдышев—СССР Одағы-өнеркәсібі шарықтап өркендеген ел. 11	Біздің оқушыларымыздың шығармалары. 21
М. Хакимжанова—Байғазыға ілеуін (өлең). . . 13	М. Жайшыбаев—Күн сайын. 22
Ж. Қонақбаев—Уағдалы сөз туралы. 14	Неге бұлай аталған. 23
	Е. М. Браун—шахмат ойыны.

Мұхабаның 1-бетіндегі «Елка» деген суретті жасаған суретші К. Баранов.

Жауапты редактор Т. Абдрахманов.

Редколлегия мүшелері: Н. Ахмедова, Ә. Бектұров, Қ. Борамбаев, Қ. Жармағамбетов, С. Мұқанов, Ж. Қонақбаев, Ә. Сытдықов, А. М. Черкасский.

Тех. редактор А. К. Доморошни.

Редакцияның адресі: г. Алма-Ата, проспект Сталина 73. Редакция журналы «ПИОНЕР»

Подписано к печати 12.2.1947г. УГ00557

Объем 3 п. л

Тираж 10,000

Гостипография № 3 Управления полиграфии и издательств при Совете Министров КазССР
г. Алма-Ата, Проспект Ленина 2, Заказ № 715

307194

ШАХМАТ

ойыны

Біздің оқушыларымыз бұған дейін шахмат ойынының шығу тарихымен танысқан болатын. Енді тікелей шахматтың ойнау жолдарын, ережелерін үйренуді бастаймыз.

Шахмат тақтасы

Балалар, дойбы тақтасының қандай екенін бәрің де жақсы білесіңдер. Шахмат тақтасы да дойбы тақтасы тәрізді, бір келкі 64 шаршыға бөлінген. Ойнауға қолайлы, көрнекті болу үшін, тақта беті екі түрлі бояумен боялады, әдетте шаршының бірі қара, бірі ақ болады. Ойын кезінде тақтаның ақ шаршылы бұрышы оң қол жаққа қаратылып қойылады.

Шахмат ойынын екі кісі бетпе-бет отырып та, ойнаушылардың біреуі Москва, біреуі Лондон қаласында отырып, радио арқылы да ойнайды. Ойнаушы шахмат тақтарын тақта бетінде қалай жүріп, қалай қойғанын жазып түсіндіруге де болады. Бұл үшін шахмат ойынының әдейі жасалған өз «әліппесі» бар. Оны нотация деп атайды. Біздің алдымызда жаюлы тұрған үлкен шахмат тақтасы жоқ. Сондықтан біз ең алдымен сол «әліппені» үйреніп алуға тиістіміз.

Шахмат тақтасындағы тік шаршылар бірден сегізге дейінгі саннымен белгіленеді. Ал, тақтадағы көлденең шаршылар латын әліппесінің сегіз әрімімен белгіленеді. Біз жоғарыда шахмат тақтасы бір келкі 64 шаршыға бөлінеді делдік. Сол көпкентей шаршылардың әрқайсысының өзіне аты бар, демек, әрбір шаршы бір әріп және бір санның қосындысымен белгіленеді. № 1 тақта бетіндегі жазу шахмат әліппесі яғни шахмат ойынын үйренудің негізі болып табылады. Шахмат ойынын жаңадан үйреніп жүрген балалар бұл әліппені бес саусағындай біліп алуы тиіс.

Шахмат фигуралары

Оның басталарда ойыншының әрқайсысында 8 фигура және 8 пешка болады. Олар тақтаға

№ 2 тақтада көрсетілгендей етіліп қойылады. Шахмат фигураларының әрқайсысының өзіне тән аты бар:

♔	Король	(кр)
♚	Ферзь	(Ф)
♞	Шл	(С)
♞	Ат	(К)
♜	Ладья	(Л)
♟	Пешка	(П)

Ойында ең алдымен ақ тастар жүреді. Солан кейін ойнаушы екі жақ кезекпен-кезек жүріп отырады. Бір ойыншы қатарынан екі рет жүріс жүруіне болмайды. Әр ойын сайын тастар ауыстырылып отырылады.

Әрбір фигураның өзінің жүру жолы, ережесі бар. Енді сонымен танысайық.

Король өзі тұрған шаршының қасындағы шаршыға ғана жүре алады. Бір ойында бір рет бұл ережеден шығып, король екі немесе үш шаршыны аттап барып, ладьямен орын ауыстыратын кезі болады. Мұны рокировка деп атайды.

Шахмат фигураларының ішінде, қалай болса солай, еркін, алыс-жақында бірдей жүретін фигура — ферзь болып саналады. Сондықтан фигуралардың ішіндегі ең күштісі де сол.


Шл шаршының бұрышынан өтіп, қиыған жүреді. Бір ойынында екі шл болады, оның бірі ақ шаршыда, екіншісі қара шаршыда тұрады. Ойын кезінде ақ шаршыдағы шл қара шаршыға, соңдай-ақ қара шаршыдағы шл ақ шаршыға шығып кете алмайды.

Ладья тіке немесе көлденең тура жүреді, алды ашық болса, шахмат тақтасының бір шетінен екінші шетіне бір ақ аттайды.


Ат алдында тұрған тастардың басына аттап әр жүрісінде «Г» әріпін сызып жүреді.

Пешка ең әлсіз «фигура», ол бет алдындағы шаршыға тура бір аттап ғана жүреді.

Е. М. БРАУН



1—Тақта



2—Тақта



ОН ЕКІ ҚАТЕ



Балалар, мына суретті жасауда 12 қате кеткен. Соны дұрыс тауып, редакцияға жазып жіберіңдер.